



Айдын БІКЕБАЕВ, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

«ҚОРҒАУШЫ МЕН АЙЫПТАУШЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ТЕҢЕСТІ ДЕУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ»

5-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№31 (3459) 19 сәуір 2022



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ШЕКТЕУ ШЕНЕУНІКТІҢ ҚҰЗЫРЫНДА ЕМЕС



Бүгінде ай-шылық жерден жылдам хабар алғызып, ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін шексіз арттырған ғаламтор желісінің зияны аз болып тұрған жоқ. Әсіресе, ғаламтордың балалардың ой-санасына тигізер зардабы орасан. Бүгінде жеткіншектердің 80 пайызы компьютер мен смартфонға тәуелді. Осының салдарынан олардың тәрбиесінде ата-ана мен мектептің ықпалы әлсіреп, басты рөлді ғаламтор иеленуде.

(Соңы 2-бетте)



АМАНАТ:
РЕЙТИНГКЕ ҚАТЫСТЫ РЕНІШ

3-бет



ЗАҢ ӘЙЕЛДЕРДІҢ
БИЛІКТЕГІ БЕЛСЕНДІЛІГІН
АРТТЫРАДЫ

4-бет



ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ
ШАРТТАРЫ

8-бет

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАЙТЫН СОТТАРДЫ БІРІКТІРУ САПАНЫ АРТТЫРАДЫ

Бір тәжірибе жеті дана ілімнен де маңызды. Бабалар айтқан осы тәмсілдің дұрыстығына жұмыс барысында жиі көз жеткіземіз. Әсіресе, сот саласында тәжірибенің орны бөлек. Әділдіктің алдаспаны, төреліктің тамыршысы болған сот алаңында қателікке орын жоқ. Ал оның басты кілті – алған білім, кәсіби шеберлік, жылдар бойы жинаған тәжірибе.

Мұны өз тұсында Лұқман Хакім де дұрыс пайымдап: «Істейтін ісінді бұрын мұны сынап көрген, тәжірибелі кісімен ақылдас. Өйткені ол, өзіне қымбатқа түскен нәрселерді саған тегін береді» деп артындағыларға ақыл айтқан екен. Осы тұрғыдан алғанда сот саласындағы мәселелерді талқыға салып, ортақ тәжірибемен бөлісіп, түйткілдерді бірігіп шешудің дәстүрлі үрдіске айналғаны құптарлық. Жакында Алматы қалалық соты осындай маңызды басқосудың ұйымдастырылуына мұрындық болды.

Қылмыстық істер бойынша сот актілерінің күшін жою және оларды өзгерту мәселелеріне қатысты тәжірибе алмасу мақсатында өткен шараға Алматы қалалық сотының, аудандық соттардың

судьялары қатысып, осы салада орын алатын өзекті мәселелерді талқыға салды.

Жиынға қатысушылар Алматы қалалық сотының, аудандық соттардың жұмыс нәтижесін негізге ала отырып, биылғы алғашқы тоқсандағы жаза тағайындау тәжірибесіне талдау жасады. Сондай-ақ, статистиканы алдын ала зерделеп, осы кезеңде күші жойылған және өзгертілген сот актілерінің себептері сарапқа салынды. Судьялар арасында мұндай мәселенің талқылануы қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын дұрыс және біркелкі қолдануға, сондай-ақ, қала соттарында бірыңғай практиканы қалыптастыруға көмегін тигізеді. Ал бұл өз кезегінде сот жұмысының сапасын



Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алматы қаласы
Алатау аудандық сотының судьясы

арттырып, судьялардың шеберлігін шыңдап, қателіктердің алдын алуға ықпал етеді.

Жиында көңілге тоқуға тұрарлық көп мәлімет айтылды. Соның ішінде Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ақан Жұмағұловтың, қалалық сот судьясы Светлана Яковлева мен қылмыстық істер бойынша күші жойылған және өзгертілген сот актілері бойынша талдауды үйлестірушісі Ержан Дәулиевтің сараптамалары судьяларға бағдар беріп, біліктілігін арттырады күмәнсіз. Әр іске жеке-жеке тоқталып, сот жұмысын жандандыруға қатысты ойларымен бөліскен әріптестеріміздің ой-пікірі Леонардо да Винчидің «Ақыл – парасат тәжірибеден туады» деген сөзінің ақиқат екеніне тағы бір көзімізді жеткізгендей болды.

(Соңы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

«СОҚТЫҚПАЛЫ, СОҚПАҚСЫЗ ЖОЛДАН ӨТТІК»

Әркімнің өз өмірлік жолы бар ғой. Мәселен, мен өз басым сонау бетпақтың шетіндегі «Ақжарта» деген кішкентай ғана ауылда бастауыш мектепте оқып жүргенімде «журналист болам» деп арманның ақ құсын ұшырған адаммын. Ақыры болған сияқтымын. Өйткені кеудемде өзім айрықша бағалайтын наградам – «Қазақстанның Құрметті журналисі» деген алтындай жарқыраған солкебайым бар. Ал, зейнеткерлікке әділет полковнигі болып шықтым.

– Бұл қалай, – дейсіз ғой. Былай болды. «ҚазАқпарат» агенттігінде істеп жүргенімде өзі де алдымен журналист, артынан жангер болған Максұт Нәрікбаев Жоғарғы Сотқа қызметке шақырды және үй берем дейді. Әрине, бардым. Бірақ ол кісі ойламаған жерден зейнеткерлікке шығып кетті.

(Соңы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ШЕКТЕУ
ШЕНЕУНІКТІҢ ҚҰЗЫРЫНДА ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде кибербуллинг деген атаумен өмірімізге енген адам құқына қарсы жасалатын әрекет осы келеңсіз құбылыстың ең қорқынышты сипаты болып тұр. Өйткені, оның құрбаны негізінен балалар.

Еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жеткіншек кибербуллингтің құрығына түседі. Бұл өте қауіпті құбылыс. Қоғамның бұған қатысты алаңы да орынды. Жақында Парламент Сенатының жалпы отырысында қаралған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қоғам сұранысынан туған құжат.

Жоба Парламент депутаттарының бастамашылығымен дайындалған. Сондықтан оны жиында сенатор Ләззат Сүлеймен қорғады. Атауы айтып тұрғандай жаңа құжатта өскелең ұрпақ тәрбиесіне, қауіпсіздігіне қатысты біраз шара қамтылған. Ләззат Жаңылысқызының айтуынша, заңда балаларды қорғау саласындағы халықаралық стандарттар, дамыған мемлекеттердің тәжірибесі ескерілді.

2 кодекс пен 10 заңға өзгеріс енгізетін бұл заң жобасы бірнеше қағидаға негізделді. Атап айтатын болсақ, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекске енгізілген өзгеріс бойынша егер көмелетке толмаған балаға туысы, өгей әкесі немесе шешесі ретінде дереу қамқоршы тағайындау қажет болса, тиісті органдар психологиялық даярлықтан өткізбестен қамқоршылықты белгілеуге құқылы болады. Қазіргі заңнама бойынша баланы алу үшін 1 жыл психологиялық дайындықтан өту керек. Сол секілді, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске жасалған түзету негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған медициналық оңалту орталықтарын тек астанада, облыстарда, қалаларда ғана емес, аудан орталықтарында, қолданыстағы ауруханалар мен емханалардың базасында құру үшін жергілікті атқарушы органдардың құзыреттілігі бекітілді. Аталған норма ауылдық, аудандық елді мекендегі ерекше қажеттілігі бар балалар үшін тұрақты оңалту қызметін қолжетімді етпек. Бұл үнемі медициналық процедураларға мұқтаж балаларды толыққанды қамтуға жол ашады.

Тағы бір жаңалық «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңдағы өзгеріске сай, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу үшін есепке қою мерзімі 6 айдан 3 айға дейін қысқартылмақ. Жоғарыда айтылған кибербуллингке қатысты өлшем «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңнан орын тапты. Оған «Баланы жәбірлеу (буллинг)» түсінігі енгізіледі. Буллингке – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған және жария түрде бұқаралық ақпарат құралдары немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған әрекеттер деген анықтама берілді. Ләззат Жаңылысқызының айтуынша, мұндай түсінік мектеп оқушылары арасында өткізілген әлеуметтік сұраулардың нәтижесінде заңнамалық деңгейде алғаш рет енгізіліп отыр және ол көмелетке толмағандар ортасында зорлық-зомбылық, кемсіту, қысым көрсетудің алдын алудың, ересектердің балаға қарым-қатынасының маңызды өлшемі болмақ. Бұл норма ғаламтор кеңістігінде жасалған осындай әрекеттерге де қолданылады.

Заң жобасы негізінде балаға ғаламтор кеңістігінде жасалған кибербуллинг деректерін қарау мәселесі бойынша арыз тәртібі де қарастырылды. Мемлекетке баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін, яғни балаға физикалық және психикалық күш көрсетуден, адамның қадір-қасиетіне қатыгездікпен, дөрекілікпен қарау, оны қорлаумен қатар буллингтен қорғау құқығы бекітіледі. Білім беру саласындағы уәкілетті органға психологиялық қызметтердің жұмыс ережесін, баланы қудалаудың (буллингтің) алдын алу қағидаларын әзірлеу мен бекіту мақсатында құзыреттілік беру көзделіп отыр. Бұған дейін бұл өкілеттілік жергілікті атқарушы органдарда болғандықтан мардымды нәтиже көрсетпеді.

Заң жобасы бойынша көмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына үш жастан 18 жасқа дейінгі қараусыз, қорғансыз қалған балаларды уақытша орналастыру мәселесі де шешім тапты. Сонымен қатар, «Байланыс туралы» және «Ақпараттандыру туралы» заңдарға БАҚ саласындағы уәкілетті органның құзыретін телекоммуникация желілерінде ұлттық заңнаманың



сақталуын қамтамасыз ету тұрғысында нақтылау ұсынылды.

Ләззат Сүлеймен осы тұрғыда жұртшылықтың алаңдатушылығын тудырып отырған әлеуметтік желілердің жұмысын реттеу мәселелері туралы өзгерістерге де тоқталды. Оның айтуынша, жоба мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестік өкілдері мен басқа да бұл мәселеге мүдделік танытқан тұлғалардың қатысуымен бір жыл көлемінде жан-жақты қарастырылған. Мұндағы негізгі басымдық балаларды кез келген күш көрсетуден, соның ішінде, отбасылық қатынастар, білім беру, денсаулық, ақпараттық кеңістік саласындағы орынсыз әрекеттерден қорғау тетігін күшейтуге бағытталған.

Жобаны талқылауға қатысқан сенаторлар бұл заңға қатысты бірқатар мәселелерді ортаға салды. Олардың ішінде сенатор Мұрат Бахтиярұлы назар аудартқан жайттар өте өзекті. Жас ұрпақтың тәрбиесіне қатысты туындап тұрған жағдайлар жөнінде біраз жайдан хабардар ете келе сенатор Германия, Франция, АҚШ, Жаңа Зеландия сияқты дамыған мемлекеттердің тәжірибесі жайлы сөз сабақтаған еді. Оның айтуынша, бұл елдерде әлеуметтік желілердегі кибербуллингке қатысы бар материалдарды бір тәулік ішінде бұғаттайтын немесе жоюды талап ететін заң қабылданған. АҚШ-тың 40-тан астам штатында кибербуллингке қолданылатын қылмыстық жаза өте қатаң. Бүгінгі талқыға түсіп жатқан заң жобасының

басты мақсаты да балаларды кибербуллингтен қорғау. Мұны сенаторлар қолдайды. Алайда, қазіргі жасөспірімдерді мәжбүрлеп теледидардың алдында отырғыза алмаймыз. Сондықтан да, мемлекет тарапынан әлеуметтік желіге арнап жаңа контенттер шығарып, ұлттық мүдде тұрғысында бәсекеге төтеп бере алатын сауатты дүниелер дайындауға мән беру қажет. Біз оң қолымызбен саяси бәсекелестікті қолдап, сол қолымызбен ақпараттық ашықтықты шектеуге жол бермеуіміз керек. Президентіміздің халыққа ұсынған «Жаңа Қазақстан» идеологиясын іске асыру үшін азаматтардың әлеуметтік желіні толыққанды пайдалануына мүмкіндік жасалуы қажет.

Сенатор сонымен қатар құжаттағы білім беру саласына қатысты өзгерістерге де тоқталды. Соның бірі – білім беру стандарттары мен оқу бағдарламалары оқушыларды тек теориялық білім алуға бағыттап, балаларды логикалық ойлауға, білімді іс жүзінде қолдануға үйретпейтініне, өмірге дайындамайтынына қатысты болды. Мұрат Бахтиярұлының айтуынша, орта мектеп бағдарламасы шектен тыс кең, оның мазмұны өмірдегі қажетті тәжірибемен қабыспайды. Басым көпшілігінің академиялық және теориялық сипаты басым. Қазақстан үкіметі білім саласына жыл сайын миллиардтаған қаржы бөлгенімен, елдегі білім деңгейі халықаралық рейтингтер жариялағанда көрініп қалады. Миллиардтаған қаржы

мақсатты жұмсалу үшін Қазақстанда білім сапасы мен білім саласындағы кәсіби біліктілікті қадағалау жүйесінің тәртібі өзгеру қажет. Халықаралық тәжірибеде бұл екі жүйе билікке емес, қоғамға бағынады. Билік қаржыландыру міндетін ғана атқарады, ал стратегиялық шешім қабылдау, басшылық лауазымдарға адамдарды тағайындауды билік шешпейді. Шетелде жоғарыда айтқан екі органды заң жүзінде құзыреті бар қамқоршылық кеңестер басқарады. Ал бізде сапаны тексеретін орган министрліктің өзінің қол астында комитет ретінде жұмыс істейді және үкіметке білім сапасы туралы есепті өздері әзірлейді. Осыдан кейін білім сапасының төмендеуіне кімді кінәлай аламыз?! Сондықтан өзгерістің барлығын мемлекеттік білім жүйесін басқаруды реттеуден бастау керек.

Жалпы, азаматтық қоғам белсенділері де балаларды қорғау туралы нормаларды іске асыруға қатысты түрлі ұсыныстар қосыпты. Жиында Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев сенаторларға келіп түскен өтініштерді ескеріп, заң жобасындағы нормаларды мұқият зерделегенін, соның нәтижесінде бірқатар ережені қайта қарауды ұсынып отырғанын жеткізді. Осыған орай балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтініштерді арнайы құрылған сараптама тобы қарайды. Сенат төрағасының айтуынша, бұған дейінгі жобада бұл мәселелерді шешу уәкілетті органның жеке-дара құзыретіне жатқызылған.

«Сенаторлар заң жобасынан уәкілетті органға өз қалауы бойынша интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қолжетімділігін шектеуге не жұмысын тоқтата тұруға мүмкіндік беретін өкілеттіктерді алып тастады. Соған сәйкес, онлайн-платформалардың өкілдерімен өзара іс-қимыл кезінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты ғана жоюға мән берілді. Мұндай тәртіп балаларға қатысты кибербуллинг фактілеріне жедел назар аудару мен қоғамның ақпаратқа деген сұранысы арасындағы теңгерімді ортаны табуына мүмкіндік береді деп сенеміз» деді осы ретте Сенат төрағасы. Палата отырысының қорытындысы бойынша заң жобасын аталған және басқа да түзетулермен Мәжіліске қайтару туралы шешім қабылданды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қылмыстық істер бойынша сот актілерінің күшін жою және оларды өзгерту мәселелеріне қатысты өз пікірімді білдіруге осы жолы маған да мүмкіндік туды. «Илегеніміз бір терінің пұшағы болғандықтан» талқыланған тақырыпқа кез келген судьяның бейжай қарамайтыны түсінікті.

Ал әріптестердің ашық диалог алаңына айналған мұндай жиындарда ортақ мәселелерді айтып, көрсетіп қоймай, оларды шешудің де тиімді жолы болып табылатынын байқап жүрміз. Қылмыстық істерде бірыңғай тәжірибе қалыптастыру – заң үстемдігін қамтамасыз етіп, азаматтардың сотқа, әділдікке деген сенімін нығайтатынын ұмытпауымыз керек. Осы ретте Алматы қаласындағы қылмыстық істерді қарайтын соттарды біріктіріп, бір ауданаралық соттың айналасына топтастырудың тиімділігі жоғары болмақ. Бұл ұсынысты бұрыннан айтып жүрмін.

Біз ұсынысты атымызды шығару үшін, болмаса бедел жинау үшін айтпаймыз. Осы салада еңбек етіп жүрген соң жұмысты жақсартуға септігін тигізетін бастамаларды айту, көпшілік талқысына салу қай-қайсысымыздың міндетіміз. Өзіміз қызмет етіп отырған саланы сырттан келіп ешкім жаңартып, жандандырып бермейді. Сол секілді соттың да ең басты жанашыры – судьялар. Мәселен, Алматы қаласындағы сегіз аудандық сотта қаралатын қылмыстық істерді бір сотта қарау соттарға да, халыққа да тиімді болар еді. Оның пайдасы неде?

Біріншіден, бір жерге шоғырланып,

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАЙТЫН
СОТТАРДЫ БІРІКТІРУ САПАНЫ АРТТЫРАДЫ



бір «қазанда» жұмыс істегендіктен бірыңғай сот тәжірибесі жылдам қалыптасады.

Екіншіден, қаралатын қылмыстық істер бойынша айыпталушыларды бір мекемеге алып келу мен әкету мәселесі түбегейлі шешіледі. Қауіпсіздік, уақыт, жол мәселесін реттеуге мүмкіндік туады.

Үшіншіден, судьялар жүктемесі біркелкі реттеліп, істердің бөліну тең-теңдігі сақталады. Өйтпесе аудандық соттардағы қылмыстық істерді қарайтын судьялардың жүктемесі әртүрлі.

Қылмыстық істерді қарайтын аудандық соттар біріктіріліп, жалпы сотқа айналса және қаладағы Көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, Қылмыстық

істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, сондай-ақ, Тергеу соты барлығы бір ғимаратқа орналастырылса, мемлекет қаржысын үнемдеуге үлкен мүмкіндік туады. Себебі, басы артық сот ғимараттары, оларды ұстау шығыны болмайды.

Ал енді жүктеме мәселесіне келейік. Мысалы, ірі қалалардағы сот судьялары аудандық сот судьяларынан бірнеше есе көп іс қарайды. Бірақ, барлығының алатын айлығы бір мөлшерде. Алысқа бармай-ақ, Алматы қаласын алсақ, Алатау аудандық сотында өткен жылы – 325, Алматы ауданында – 733, Әуезов аудандық сотында – 569, Наурызбай аудандық сотында – 223, Медеу аудандық сотында – 350, Бостандық аудандық

№2 сотында – 557, Жетісу ауданында – 323, Түркісіб аудандық сотында – 434 қылмыстық іс қаралып, аяқталған. Осыншама істі қарап, таразылаған сегіз аудандық соттағы судьялар саны да әртүрлі. Айталық, Алатауда – 2, Алматыда – 10, Әуезовте – 5, Түркісібте – 5, Наурызбайда – 2, Медеуде – 5, Бостандықта – 8, Жетісуда – 4, барлығы 41 судья бар. Осындағы істердің саны судьялар санымен үйлесіп тұрса бір жөн. Мұнда да түйткіл жеткілікті. Айталық Алматы аудандық сотында іс (733) көп болғанымен, мұндағы судья саны – 10. Соған орай жүктемесі ең жоғары судьяның өзі 109 іс қараған. Ал, Наурызбай аудандық сотында қаралған 223 істің 180-ін бір судья бітірген. Алатау аудандық сотындағы 325 қылмыстық істің 156-сы (168 тұлғаға қатысты) менің қарауыма түсіп, оның 123-інде 131 тұлғаға сот үкімін шығардық. Қалған 25 іс бойынша тараптар татуласып, сот өндірісінен қысқартылды. Ал енді біздің сотта қылмыстық істі қарайтын екінші адам – отставкадағы судья. Осы екі судьяның бірі еңбек демалысына кетсе, болмаса жұмысқа келе алмайтын жағдай орын алса екінші судьяның жүктемесі қандай болатынын елестету қиын. Ал көп іс қараған судьяның қателесуі әбден мүмкін. Себебі, қылмыстық істі таразылау оңай емес. Әрі оған берілетін уақыт тығыз болғандықтан, тез шешім қабылдап, оны тараптарға

дер кезінде беру керек.

Міне осы келтіріп отырған статистикалық көрсеткіштер кей судьялардың шамадан тыс жүктемемен жұмыс істейтінін, енді бірінің жылды небәрі 20-25 іспен аяқтайтынын дәлелдеп отыр. Сондықтан, судьялар жалақысы олардың жауапкершілігі мен жұмыс сапасына қарай көтермеленіп отыруы тиіс.

Ал осы қылмыстық істер бір сотқа біріктірілсе, сот төрелігінің сапасы да айтарлықтай өсер еді. Әрі судьялар арасында тепе-теңдіктің сақталуына да мұның әсері зор. Мысалы, өткен жылы сегіз аудандық сотта қаралған 3512 қылмыстық істі 42 судьяға бөлсе, әрқайсысына орта есеппен 83-84 істен келеді. Бұл өз кезегінде судьялардың істі сапалы әрі уақытылы қарауына мүмкіндік береді. Ендеше, қылмыстық істерді қарайтын соттарды біріктіру мәселесін кейінге қалдырмай, жедел шешкеннен ұтарымыз көп. Бұл соттарды Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында пилоттық жоба ретінде жұмыс істетіп көруге болады. Нәтижесі оң боларына сенімдімін. Ал өңірлерде бұл бастама тиімсіз. Біздің бұл ұсынысымызды өзге әріптестеріміз де қолдап, оң пікір білдіреді деп сенеміз.

Нұржан ҚАРАБАЕВ,
Алатау аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

НАРЫҚ

САУДА СЕРІКТЕСТІГІНДЕ РЕСЕЙ мен ҚЫТАЙДЫҢ ҮЛЕСІ ЖОҒАРЫ

Қазақстанның жалпы сыртқы саудасы биыл алғашқы екі айда 18,2 млрд долларды құрады. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда өсім 52,5 пайыз болып отыр. ҚР Сауда және интеграция министрігінің экспортты қолдау және дамыту жөніндегі операторы «QazTrade» АҚ-ның хабарлауынша, сауда төңгерімі 2,2-ден 6 млрд долларға дейін ұлғайды.

Сыртқы тауар айналымы – өсім экспортта 74,4 пайыз, импортта 25,1 пайызды құрады. Негізгі сауда серіктестеріміз Ресей (19,3%), Қытай (14,5 %), Италия (12,2 %), Нидерланды (5,7%), Түркия (4,8 %). Оның ішінде алғашқы үштікке экспорт бойынша Италия (17,2%), Қытай (11 %), Ресей (9%), импорт бойынша Ресей (39,8 %) мен Қытай (21,5 %), АҚШ (3,1 %) еніп отыр.

Эспорттың өсуі мұнай, феррокорытпа, уран, мырыш сияқты шикізаттарды шығарудың ұлғаюымен байланысты. Ал импорттың өсуі бидай, автомобильдерге арналған шанақтар, есептеу машиналары, мыс кендері мен концентраттары, бөлшек сауда үшін

өлшеніп салынған дәрілік заттар, телефон аппараттары сияқты тауарларды әкелу есебінен қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, сыртқа шығарылған шикі мұнай 3,4-тен 7,2 млрд долларға; феррокорытпалар 281,2-ден 564,3 млн долларға; бидай 6-дан 171,4 млн долларға; мыс және катодтар 510,1-ден 653,1 млн долларға өсті. Ал сырттан келген тауарлар өсімінде бидай 11,2-ден 83 млн долларға; автомобильдерге арналған шанақ 53,3-тен 122,9 млн долларға; есептеу машиналары 134,9-дан 195,8 млн долларға; мыс кендері мен концентраттары 6,1-ден 59,4 млн долларға; өлшеп оралған дәрілік заттар 163,8-ден 215,5 млн долларға жетті.

Егер сыртқы сауданың құрылымына көз жүгіртсек, өңделген тауарлар бо-

йынша сыртқы сауда айналымы 31,7%-ға өсіп, 9 млрд долларға жуықтаған. Былтырғы сәйкес кезеңде ол 6,8 млрд долларды құраған болатын. Биыл ондағы экспорт 2,4-тен 3,5 млрд долларға (46,6%), импорт 4,4-тен 5,5 млрд долларға (23,7%) өсіп отыр.

Қазақстанның шикізаттық емес тауарларымен де экспорт импорт бойынша ең негізгі сауда серіктестері Ресей (31 %) мен Қытай (22,6 %) болып отыр. Атап айтқанда, импорттың 62,1 пайызы, экспорттың 40,2 пайызы осы екі елдің үлесіне тиеді. Мәселен, алғашқы бестікте экспорт бойынша Қытай (21,1%), Ресей (19,1 %), Өзбекстан (8,3 %), Түркия (7,2 %), Жапония (4,6%), ал импорт бойынша Ресей (38,6 %), Қытай (23,5 %), Оңтүстік Корея

(3,5 %), Германия (3,4 %), АҚШ (3,3 %) тұр.

Сыртқа шығарылған өңделген тауарлар арасында өсім феррокорытпаларда 283,1-ден 564,3 млн долларға; уран 6-дан 171,4 млн долларға; мыс және катодтарда 510,1-ден 653,1 млн долларға; мырыш 74,1-ден 175,1 млн долларға өсті. Ал импортта қоспаланған болаттан жасалған жартылай фабрикаттар 32,2-ден 112,5-тен млн долларға; күміс 70-тен 120,2 млн долларға; зергерлік бұйымдар және олардың қымбат материалдардан жасалған бөлшектері 0,1-ден 15 млн долларға; қара металдардан жасалған жіксіз құбырлар, түтіктер және профильдер 9,7-ден 21,6 млн долларға; цемент 5,7-ден 13,7млн долларға дейін ұлғайған.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

– Қазақстанның сыртқы саудасы түгелдей дерлік Ресей арқылы өтеді. Еуропаға сатылатын мұнай мен газ құбырлары да осы елдің аумағы арқылы шығады. Сондықтан Ресейге салынған санкция міндетті түрде Қазақстан экономикасына әсер етеді. Сол себепті біз енді мұнай мен газды сатудың баламалы жолдарын іздестіруіміз керек. Үндістанға сатамыз ба, Пәкістанға сатамыз ба дегендей. Әйтпесе болмайды. Бұл бір жағы. Екінші жағы, біз кеңестік дәуірден-ақ Ресейге қатты байланғанбыз. Ресей мен Украина соғысы біздегі бүкіл мәселені ашық көрсетіп, қандай дәрежеде Ресейдің экономикасына тәуелді екенімізді айшықтап отыр. Мұнай газ бен түсті металл экспортының 80 пайызы Ресейдің жері арқылы өтеді. Яғни, бұл салаларда біз көршімізге 80 пайыз тәуелдіміз. Енді біртіндеп еліміздегі машина жасау зауыттары да тоқтайды. Өйткені машина жабдықтарының бәрін осы уақытқа дейін Ресейден алып келдік. Ресейдің өзі Еуропа елдерінсіз оны өз күшімен шығара алмайды.

Сыртқы сауда айналымы алдағы уақытта айтарлықтай төмендемейді деп ойлаймын. Біздегі кейбір фирмалар Ресейдің мүддесі үшін сауда жасайды. Ресей сырттан ала алмаған көп тұрмыстық заттарын Қазақстан арқылы алады. Тамақ, дәрі-дәрмек, киім-кешектің бәрін енді бізден алады. Бұл біздің елдегі сауда нарығын күшейтеді. Яғни, сыртқы сауда біраз жақсарады. Егер көктемгі егіс жұмыстарын дұрыс ұйымдастыра алсақ әлемдік нарықтағы астық дақылдарын, күнбағыс майы мен қантқа деген сұранысты пайдаланып біраз өнімді сыртқа саудалауға мүмкіндік бар. Ресей мен Украина арасындағы ахуал бізге ауыл шаруашылығын дамытуға серпін беретін үлкен жағдай туғызып тұр.

Сайын БОРБАСОВ,
саяси ғылымдар докторы:



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЗЫНА

АМАНАТ: РЕЙТИНГКЕ ҚАТЫСТЫ РЕНІШ

2,7 мың депутаттың арасында жүретін («Nur Otan»-ның) қазіргі АМАНАТ партиясының рейтингтік ақпараттық жүйесінің сүйінші үлгісі біз секілді жергілікті мәслихат депутаттарына да өткен жылдың маусымының алғашқы апталарында-ақ келіп жеткен болатын. Бұған дейін депутаттар рейтингісін қалыптастыру ережесі өзірленіп, ол ереже республикалық Саяси кеңес Бюросының шешімімен бекітіліп, ақпараттық жүйе жасалып, деректер базасы цифрландырылған. Рейтинг жүйесі содан бері жырымызға айналды.

Біз қуана қарсы алған рейтингті ендіру ісі билеуші партиядан сайланған депутаттардың қызметін жандандыруға, халықпен кері байланысты күшейтуге және жергілікті жерлерде сайлауалды уәделердің іске асырылу тиімділігін арттыруға жүйелі серпін беру мақсатын көздеген. 217 сайлауалды бағдарламаға қоғамдық-партиялық мониторинг жүргізуге 2,7 мың депутат дербес жауап бере алуы тиіс еді. Бүгінгі қоғамның қоятын ерекше талабына орай, депутаттар азаматтардың мүддесі мен еркін қорғап, қоғам мен мемлекет арасындағы «көпір» болуы керек. Рейтингтік жүйе «Nur Otan» депутаттарын, мәслихаттардағы хатшылар мен фракция басшыларын қызметінің айқындығы мен есептілігіне бағытталған медиа белсенділікке және жұмыстың түпкілікті нәтижелеріне бағдарлауы қажет еді.

«Көш жүре түзеледі» деп рейтинг жұмысының басы-қасында жүрген жоғарыдағылардың күндіз-түні үздіксіз бізге түсіп жататын нұсқауларын сабырмен тыңдап, мұқият орындауға тырыстық. Сөйте-сөйте, мәслихаттағы фракцияның халық қалаулылары біртіндеп полигон алаңына болмаса да, футбол алаңында мақсатты-мақсатсыз ары-бері домалайтын допқа айналдық. Құлақтан тепкіштердің сынақ нысаны боп шыға келдік. Сілтемені ашып, логин-пароль арқылы кіріп, тіркелген ақпараттық жүйедегі өз парақшамызға бірнеше бөліктерді толтырып барып, материал салуды бір-екі аптада оп-оңай меңгеріп алған соң қызықты көрінген бұл жұмыстың көп ұзамай шыжықты жағы да қылаң берді. Айталық, мен өз басым «Депутаттар рейтингі» ақпараттық жүйеге депутат болған күннен бастап материалдар тіркелсін, қай күні депутат болды – сол күннен бастап атқарған жұмыстарын салсын» деп тамыз айының орта шенінен асқанда келген тапсырмадан-ақ тығырыққа тірелдік. Өйткені, біздің депутат атанғанмызға жарты жылдың жүзі өтіп кеткен. Яғни, былтыр, 2021 жылдың қантарының басында мандат алынды. Содан бері әр басқан қадамымызды фейсбук, твиттер, инстаграм, т.б. әлеуметтік желі беттерінде жариялап,



күнделікті атқарған жұмыстарымызбен халықты хал-қадарымыз келгенше құлағдар етіп отырдық. Енді сол парақшаларымдағы депутаттық іске қатысты жарияланымды түгел мына жүйеге қайта көшіріп қалай салып үлгермекпін. Оған қанша уақыт пен қажыр-қайрат та жұмсалмақ.

Парламент Мәжілісіндегідей емес, жергілікті мәслихаттағылардың депутаттық жұмысы қоғамдық негізде атқарылатыны бесенеден белгілі. Жалақы алып отырған жұмысыңнан да басың босай бермейді. Соған қарамастан, өз басым қолым қалт еткенде жариялаған жазбам мен желі қолданушы оқырмандарым арасында байланысым үзілген емес. Желі парақшаларына өз аймағымда ең көп пост жариялайтын адамның бірімін десем қателеспесмін. Алайда, шамамен тамыздың орта шенінде ашылып, он шақты күннен соң қайта жабылған рейтинг сайтына жыл басындағы жазбаларымды қайта парақтап ашып, іздеп тауып, көшіріп отырудың қиындығынан, ішінара табылғандарын тауып, соңғы айлардағы бірді-екілі жұмыстарымнан ғана хабарлама салып үлгердім. Көп ұзамай көбінесе орысша – келетін нұсқама бойынша рейтингтік жүйеге «Доступ» уақытша тоқтатылып қалады. Бұл уақытта біздің жүйеге салған материалдарымызды өзге аймақ модераторлары тексереді.

Тексерсін. «Алуан-алуан жүйрік бар – әліне қарай шабады» – дегендей, барды бар, жоқты жоқ, дұрысты дұрыс, бұрысты бұрыс деп қоя салғандары жөн еді бізге. Жырымыз осы жерден бастап қайырмасы қайталана беретін жауыр әнге айналды.

Модераторлардың қайбір уақыты боп жатыр дейсіз. Олардың бір қарағаны – бір, екі қарағаны – екі, күнделікті біздің жеке чатымызға «опубликован», «на доработке», «на проверке» немесе «отклонение» болып түсті де отырды. Қабылданғаны

лерінің стандарт түрлерінің де онып тұрғаны шамалы. Кейбірі тіпті, өрескел. Ақпараттық жүйедегі «Отклонение» мен «на доработке», «Возражения» дердің» бірқатар мысалын алып қарайықшы:

«Причина отклонения: Материалы не подтверждают заявленную деятельность с его участием» – «Талапқа сай емес» дегені шығар, жарайды келістік. Іске алғысыз пост болса, алысқа да тастасын. Жоқ. «Удалить» деген жерді қанша бассаңыз да, әлгі материалыңыз өшпейді. Кетпейді. Жоғалмайды. Көзге шыққан сүйелдей актарған сайын салынған материалдарыңыздың арасынан жылтындап шығады да тұрады. Тұрса тұра берсін ғой егер зияны болмаса. Жоқ, зияны қадімгідей. Әлгі жариялаған жазбаларыңыздың санын босқа көбейтіп, сіздің басқа жарамды материалдарыңызды парақтап, ашып, іздеп, жөндеуге, өңдеуге кететін уақытыңыздың көбін алып, жүйкеге тиеді.

«Комментарий модератора», «Партияға қатысы жоқ», «Партиялық позиция жоқ», «Материал партияға қатысты емес», «Критерий дұрыс көрсетілмеген», «Медиа қызмет, жеке парақшаны танданыз», «Фотолар, видеолар партия жұмысы аясында атқарылған іс-шара екені көрсетілмеген», «Материал опубликован не с личной страницы либо прикреплен не подходящая ссылка. А также в содержании материала нет партийной деятельности», «Нұр Отан» туралы немесе депутаттық туралы ештеңе жоқ қой», – деп келетін мынадай «претензияларға» жылағыңыз келуі де ғажап емес.

Депутаттық пост жазбаларымызда әлеуметтік желідегі аудиторияны қай істе болмасын ұстамды, сабырлы болуға шақырып, тисе терекке, тимесе бұтаққа деп ауызына келгенін айтып, партиямызды, билік өкілдерін ғайбаттай беретіндерді желілік мәдениетке үндейтін тақырыптарды қозғап, ылғи партияны жырлай беріп қана емес, партияның

абыройлылығына сендіру үшін, бір мезгіл айқын мысалдар келтіре отырып, өтімді мәтіндер мен ұтымды репликалар арқылы да тәрбиелеп, публиканың теріс пікірлі көзқарастарын түзеп отыру – біз секілді депутаттардың ғана емес, әрбір (нұротандық) аманаттық азаматтың тікелей парызы болуы тиіс, меніңше. Азаннан кешке дейін «партияның» атын жылтындатып әр пост бетіне жариялап, тықпалай берсек, өз абыройымыздан айырыламыз және оқырмандардан да айырыламыз. Біле-білсеңіз, партияға қатысты ресми жазбаларды (әріптестерден басқа) ешкім керек қылмайды да. Оған әр қаралым мен оқылымдардың өзі-ақ айғақ. Сонда, бізге сол ма керекі? Әр пост сайын «amanattyk deputat» екенімізді айта бергеннен не шықпақ? Онсыз да посттың ең соңына хэштеппен (#deputatnurotan) #deputatamanat деп қол қойылады емес пе. Мысалға, менің нұротандық – аманаттық депутат екенімді 5000-ға жуық оқырманым былтырдан бері (праймеризден бері) өте жақсы біледі. Сөзімізге партияның атын қоспасақ, мақаламызға партияның қанатты ұранын келтірмесек, баяндамамызда міндетті түрде партияны мақтап атап өтпесек, жиналыстарымызда партия ісін үлгі қылмасақ көңіл көншімейтін жаққа жеттік.

Аудандық мәслихат сессиясы біздің бірден-бір депутаттық тісімізді қайрап, азуымызды көрсетіп қалатын жер. Біреу қолдап дауыс береді. Біреу қарсы-қалыс қалады. Талай экономикалық, саяси-әлеуметтік тағдырлар шешіліп жататын депутаттардың мәслихат сессиясы есепке алынбаса, басқа не материал салу керек сонда? Сонда не қалды өзі халыққа жариялайтын?..

Айтпақшы, бізден өзге, қарсылас, әріптес партия мүшелерінің депутаттарына рахат. «Аманаттық» депутаттар ғана күндіз сайлаушыларымен, түнде рейтинг сайтымен уақытын сарп етіп, таң атырып, күн батырып жүргені. Жүйе «ашылды, қолжетімді болды» деген хабар келгенде жапатармағай сайттарына бас қойып үлгеруі керек. «Доступ жоқ», «Сайт жабылды», «Материал салу уақытша тоқтатылды» дегенде «доработкі-доработкілермен» арпалысулары қажет. Кейбіреулерінің «Қап, одан да «Халық партиясының», болмаса, «Ақ жолдың» немесе «Ауыл» партияларының мүшесі болуым керек еді, мына рейтингпен шаршағаным» деп, немесе, «Бұдан да депутат болмағаным артық еді» деп армандап жүрмегендеріне кім кепіл?..

Ендеше, «Депутаттар рейтингі интернет-платформасындағы» бір қайнауы шикі тұстарын қайта пісіріп, біздердей депутаттарды әлеуметтік желіге үздіксіз танылудан құтқарып, іс жүзінде халықпен коян-қолтық араласа, көбірек әрі кеңірек жұмыс істеуімізге мүмкіндік берілсе дейміз.

PS. Рейтинг жайлы ренішімді қанша білдіріп, келіспейтін жерлеріндегі ойымды қанша айтып жатсам да, мен осы партия мүшесі болып қала берем. Сондықтан менің қазір білдіргелі отырған сын-пікірлерімді ешкім ешқандай пиар ретінде қабылдамауы керек.

Заман ағымына, уақыт көшінің бағытына қарай менің жеке көзқарастарым өзгеріп отыруы мүмкін, бірақ өмір сүруге деген өз ұстанымымды ешқашан өзгертпеймін.

Үміт БИТЕНОВА,
«АМАНАТ» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі

«СОҚТЫҚПАЛЫ, СОҚПАҚСЫЗ ЖОЛДАН ӨТТІК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөйтіп жетімсіреп жүргенімде Бас прокуратураға Рашид Түсіпбеков шақырды. Осында тұрақтап қалдым. Өйткені прокуратура да тура өзіміз – журналистер сияқты шырылдап жүріп шындықты іздейді екен. Қысылған адамның қасынан табылады. Тіпті, «прокурор» деген сөздің өзі латыншадан тәржімалағанда «қамқоршы» дегенді білдіреді. Ілияс Бактыбаев, Жақсылық Байтұқбаев, Сансызбай Үмбеталиев, Қайрат Жүсіпов, Серікбай Ерімбетов сияқты генралдармен бірге жүріп дәмдес, сырлас болғанымды кеудемді керемақтан тұтамын. Осындай пейілі кең – прокурор, мейірімі мол асыл азаматтың бірі бүгін өзіміз әңгіме еткелі отырған Әсет Әділхан. Иә, әділет жолындағы өзіміз білетін 3-сыныпты әділет кеңесшісі Әсет Мәлғажарұлы.

Әсекең прокуратура органының бар сатысынан өткен білімді заңгер. Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе және Маңғыстау сияқты ірі-ірі төрт облыстың және Орталық көлік прокуроры болған білікті башы.

Әсекеңнің кеудесіне қарасаңыз алатынға малып алғандай жарқырап тұр. «Құрмет» дейсіз бе, «Ерен еңбегі үшін» дейсіз бе, толған орден мен медаль. Бағана өзім мақтанғандай бұл кісі де өз мандығының майталманы – «Қазақстан прокуратурасының құрметті қызметкері». Мұның сыртында КСРО кезінде Мәскеуден алған марапаттары және бар.

Иә, абыз Абай елі Семейдің бір жағында Тарбағатай мен зиялылар елі Зайсан, батысында Ұржар мен Аякөз-дегіп барып, оңтүстігінде Шың елімен шектесетін әсем табиғаттың ортасында тербеліп тұрған тал бесіктей Ақсуаттың тумасы, әкесі Мәлғажардың кіндігінен тараған сегіз баланың ортасындағы бір ұлан Әсет мұндай биікке оңай-шылықпен шыққан жоқ. Өзі айтпақшы, талай «соқтықпалы, соқпақсыз» жолдан өтті.

Мектепті бітіргеннен кейін, Кеңес әскер қатарында міндетін атқарып, Түркіменстанның Мары, Украинаның Бердянск қалаларында әскери дайындық алған жас жігіт, өзінің интернационалдық міндетін атқарған соң, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп осы облысқа жолдама алды. Қаскелең, Талғар, аудандарын шиырай жүріп шынықты.

– Жастығымызға, тәжірибеміздің аздығына қарамай өте қиын істерді де тергедік. Қосымша сот сараптамасын жасау үшін көрге де түскен күндеріміз болды, – деп өткенін еске алады бұл күнде. Бәрінен жасымайтын жастық

жігері мен қолға алған ісін тындырмай қайтпайтын қайсарлығы қай істе де алдыға алып шығып жүрді. Әкеден қалған үрдіс еді бұл.

Сондай істердің бірі де бірегейі Қаскелең ауданы Абай ауылындағы жарылыс еді. Мұны сол кездегі ең қатыгездікпен жасалған қылмыс деп айтуға болар. Өз әйелімен ерегіскен бір әумесердің жұмысы еді бұл. Кентау шахтасында взрывник болып істейтін ол қайын атам қайтыс болды деген сылтаумен әйелінің барлық туыстарына жеделхат жіберіп, республиканың түкпір-түкпірінен жинап алады. Қаскөй сол түні олар ұйқыда жатқан үйдің мұржасына динамит салып, үйді адамдарымен бірге қопарып, жарып жібереді. Мұның әбжілдігінің арқасында қылмыс бір аптаның ішінде ашылып, бұлтартпас айғақтар арқылы әлгі қаскөйдің мойнына қойылады. Ол кейіннен сот шешімімен тиісті жазасын алды.

Кезінде Ресейден ұшып келе жатқан жолаушылар мінген «ТУ-34» ұшағының Қаскелең тауына келіп апатқа ұшырағаны әлі есімізде. Оның салдарынан жүзден астам жолаушы қаза болған. Ішінде жас балалар мен әйелдер де бар. Сол кезде Кеңес Одағын дүр сілкіндірген бұл істің де тергеуіне басшылық етті.

Осы Қаскелең ауданында болған жеміс-жидек консервілеу зауытында орын алған сапасыз тағамдар дайындау ісінің де жуан ортасында жүрді. Бұл қылмыс сол кездегі Кеңестер Одағында сирек кездесетін оқиға ретінде бүкіл елді дүрліктірген. Мұның тергеу тәсілдері Ленинградтағы Бүкілодақтық прокуратура тергеушілерінің білімін арттыру институтында да талданып, талқыланған болатын.

Адамды қашанда орта өсіріп, тәрбиелейді ғой. Сол күндері Қаскелең прокуратурасында жұмыс атқарған Н.Белоруков, А.Қалиев, Ә.Үйсінбаев, Р.Сраилов, М.Нұрдіулетов, Т.Жуминов, А.Райш, В.Ярошук, Г.Немировская сияқты әріптестерінің жарғақ құлақтары жастыққа тиместен, күн-түнге қарамай қызмет атқарғаны әлі есінде. Сол күндері аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған В.Симачев, Н.Нүкенов, С.Байболов (Асыл-Кеней), А.Шпекбаев сияқты капитан-майорларды да бұл күнде құрметпен еске алады. Бұлар бұл күнде атақты милиция генералдары.

Реті келгенде айта кетелік, генерал Әсеттен кейін Талғар ауданында прокурор болған Тыныбек Оналбаев, Мұхамеджан Пақырдінов пен Мұхтар Жөргенбаевтар да өздерінің ерен еңбектерінің арқасында генерал шеніне қол жеткізген майталман мамандар.

Құрдастарының ішінде бірінші

болып кіші заң кеңесшісі шеніне ие болған да осы Әсет Мәлғажарұлы. Ал 1984 жылы сол кездегі Қазақ КСР-інің Бас прокуроры Ғалым Елемесовтің бұйрығымен Талғар ауданаралық прокуроры болып бекітілді. Міне, мұның алғашқы лауазым баспалдағы осындай еселі еңбегінің арқасында ғана мүмкін болған еді.

Сол кездер жайлы еске алғанда 1986 жылдың желтоқсан қасіретін аттап өте алмайсыз. Осы тұста қызмет атқарған жандардың азаматтығы ел басына күн туғанда таразыланатыны да жасырын емес. Ол уақытта бұл Талғар ауданаралық прокуроры болатын. Желтоқсанның 16-сы күні облыстық прокуратурадан дереу прокуратураның аға тергеушілері Е.Тотыбаев пен В.Свечниковты ертіп Алматыға жету жөнінде бұйрық түскен.

Облыс прокурорының аға көмекшісі Власов деген онсыз да түнеріп жүретін адам еді, бұл жолы түрі тіпті түтігін кеткен. «Талғар аудандық ішкі істер бөліміне 500-дей адам жөнелтеміз. Солардың бәрін қамау керек. Аяушылық деген болмасын. Оған басынмен жауап бересің»

Қаскелең ауданында болған жеміс-жидек консервілеу зауытында орын алған сапасыз тағамдар дайындау ісінің де жуан ортасында жүрді. Бұл қылмыс сол кездегі Кеңестер Одағында сирек кездесетін оқиға ретінде бүкіл елді дүрліктірген. Мұның тергеу тәсілдері Ленинградтағы Бүкілодақтық прокуратура тергеушілерінің білімін арттыру институтында да талданып, талқыланған болатын.

дейді ысылдап. Жастардың ертеңін ойлаған бұл: «Екеуіміз де заң адамдарымыз. Оларды сот шешімімен барлық құжаттарымен әкелу керек. Онсыз қамауға болмайды» деп кесіп тастады. Бір күнде сонша адамға шешім шығарту қайда, ақыры бұл іс жүзеге аспай қалды. Бұл күнде ойласа сол күні қызметімен бірге ары да таразыға түскен екен ғой. Әйтеуір атадан қалған қайсарлығының арқасында ар сотынан аман қалыпты.

Әсекеңнің жылдар озған сайын тәжірибесі де қалыптасып еліміздің ірі-ірі төрт облысында прокурор болғанын жоғарыда айттық. Бұл айтуға ғана жеңіл.



Әйтпесе, екінші бірі аркалап кете берер жеңіл жүк емес. Ол бұл биік лауазымды өзінің туған өңірі Шығыс Қазақстаннан бастаған еді. Ол уақытта орталық аппаратта қызмет атқарып, облыс, аудан прокуратурасының барлық қадағалау тәжірибесімен әбден толысқан кезі. Әсекеңге келгенде бұрын әр жерде бірге істеген Ішкі істер басқармасының бастығы М.Аманжолов, Мемлекеттік тергеу комитетінің басшысы милиция генерал-лейтенанты И.Отто, Ұлттық қорғаныс басқармасының бастығы генерал-майор Қ.Медведев және Семей-

Ол кезде Үкімет басшысы Әкежан Қажығелдин еді. Не ойларының болғанын, әйтеуір сол тұста Семей мен Шығыс Қазақстан қосылатын болды. Қосылған облыстардың қайсысының басшысы қалады, қайсысы кетеді деген сұрақтың күйіп тұрған кезі. Бұл мәселе екі облыстың прокуратура саласын да айналып өткен жоқ, әрине. Әкімшілікте үлкен жиналыс болып, Қазақстан Премьер-Министрі Ә.Қажығелдин Семей облысының жабылып, Шығыс Қазақстан облысына қосылатынын жариялаған. Сол күні кешке, комиссия мүшесі ретінде келген Бас прокурор С.Шуткин біріктірілген екі облыстың прокуроры болып мұның қалатынын, ал Семей облысының прокуроры Жақсылық Байтұқбаевтың резервте болатынын хабарлаған. Шынын айтқанда бұған бұл қуана алмады. Көптен бері бірге келе жатқан әріптесі, бойы да, ойы да биік, атпал азамат Жақанның алдында қатты ыңғайсызданғаны бар.

Түнімен ұйқысы шала болып, ертеңіне Бас прокурордың бірінші орынбасары Ілияс Бактыбавақа бұл қалай болғаны деп телефон шалды. Ол кісі бұл мәселені білетінін, Жақанның Қостанай облысына баратынын айтқаннан кейін барып екі иығынан жүк түскендей болып жеңілдеп сала берді.

Азаматтың өмірде жолы болуы оның мамандығы мен өмірлік қосағын дұрыс таңдаудан басталады деген тәмсіл бар. Әсекең бұл жағынан құдайдың көзі түскен жан. Алғаш қызметке кіріскеннен бері қол ұстасып бірге келе жатқан өмірлік қосағы Күлімханға дән риза.

– Менің қызмет баспалдағымен өсуім, абырой-беделімнің жоғары болуы, лауазымды қызметтер атқарып, оның биік шыңы – генерал дәрежесіне жетуім құдай қосқан қосағым Күлімханның арқасы. Сенімді серігім, адал жарым, жанашыр жақыным ретінде оның еңбегі өлеушіз, – дейді өзі де ағынан жарылып.

Әсекең бүгінде ұлы Данияр мен қызы Жазирадан көрген он шақты немересінің қызығын көріп отырған бақытты отбасы. «Ата көрген оқ жоңар» демекші, ұлы Данияр әке жолын қуып прокурор болды. Бүгінде Мәскеудің атақты Ломоносов атындағы университетінің магистратурасын тәмамдап, кезінде әкесі армандаған оқу орнын бітірді.

Қызы Жазира болса жолдасы Дастанмен бірге мұхиттың арғы жағында ғұмыр кешіп жатыр. Ұлт үрдісін берік ұстанады. Бес баланың ата-анасы болып отырғаны соның айқын белгісі болса керек.

35 жыл прокуратура органында тапжылмай қызмет атқарған Әсет Мәлғажарұлы бүгінде зейнеткерлер қатарында болғанымен, жетпіс жастан асса да жұмыстан қол үзбей республиканың прокуратура ардагерлер бірлестігінің төрағасы болып отыр. Алда-санда қара шаңырағымызды сағынып бара қалсақ, ежелгі дағдысымен құрақ ұшып қарсы алады. Сол кішіпейіл қалпы. Кішіпейілділік – кісіліктің белгісі. Ал генерал Әсет Әділхан кісілік қалпынан ешуақытта айныған емес.

Сәулебек ЖӘМКЕНҰЛЫ,
доғарыстағы әділет полковнигі

Қазіргі күні қазақстандық әйелдер қоғамның барлық саласына еркін араласып, өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруда. Оларға бұл мәселеде ешқандай шектеу жоқ. Мұндай еркіндікті халқымыздың ежелден келе жатқан ерекше қасиеті десе де болады. Мемлекет тарапынан қыз-келіншектерді қазіргі заманға сай беделді қызметтерге тартып, бизнеспен айналысуына қолайлы жағдай жасалуы осы үрдістің заңды жалғасы іспетті.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы, сонымен бірге «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдар қабылданып, ҚР Президенті жанындағы Отбасы істері және демография жөніндегі комитеттің құрылуы мемлекетімізде гендерлік саясатқа жоғары деңгейде көңіл бөлініп отырғанының жарқын көрінісі. Осы тұста айта кетерлігі, Қазақстан БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» конвенцияларын, т.б. құжаттарын ратификациялаған.

Әйелдер құқығының сақталуын одан әрі қамта-



масыз ету үшін біршама заңға түзетулер енгізілді. Солардың біріне тоқталсақ, ҚР «Сайлау туралы» және «Саяси партиялар туралы» заңы. Біліктің сайланбалы органдарында әйелдер белсенділігін арттыру мақсатында осы заңда жасалған өзгерістер гендерлік саясатқа айрықша серпін берді. Олай дейтініміз, ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының жалпы құрамындағы қыз-келіншектердің үлесі 18,4 пайызға, ал, Мәжілісте 27,1 пайызға артты. Салыстырып қарасақ, гендерлік стратегия іске қосылған жылы ҚР Парламенті Мәжілісінде бұл көрсеткіш бұдан бір жарым есе төмен болған.

олар қыз-келіншектердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға белсенді араласуда. Яғни, бүгінде әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісіне келгенде ер азаматтармен пара-пар еңбек етіп жатыр.

Әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен бостандығының Ата Заңмен кепілдендірілуі гендерлік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды. Сондай-ақ, республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатылуға тең құқылығы ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңымен нақты-

ланған. Бұлар өз кезегінде еліміздің кез келген азаматы жыныстық өзгешелігіне қарамастан өзінің қабілетімен саяси билікке араласа алатынының айқын дәлелі.

Отбасылық және гендерлік саясат «Қазақстан – 2050» стратегиясының және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының жалпыұлттық басымдықтарының негізінде жүзеге асырылады. Бұл тұрғыда жоғарыда аталған комитеттен бастап түрлі бірлестіктер мен қауымдастықтар тарапынан ауқымды шаралар жүргізіліп жатыр.

Өркениетке ұмтылған елдер үшін азаматтарының тең құқылығы маңызды. Бұл ретте гендерлік саясат демократияға қол жеткізудің, сондай-ақ, қоғамды жаңғыртудың бірден-бір факторы әрі ол еліміздің саяси өміріне барлық азаматтың тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз етеді. Яғни, гендерлік стратегия кей замандастарымыз айтып жүргендей әйелді ерден жоғары қою емес, олардың білім-білігі мен қарым-қабілетін елдік істерге жұмсауға мүмкіндік беру, аяу мен баланы, мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік тұрғыда қолдау, отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол бермеу, отбасы институтын күшейту. Мұндай игі істер өз кезегінде мемлекеттің дамуын одан әрі нығайтып, озық елдер қатарына қосылуға жол ашады.

Дүние-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қалалық №2 сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

– Қазақстандық адвокаттар өз еңбегін қалай бағалайды? Газетімізге хабарласатын оқырмандар адвокаттың жұмысы қалам-ақысына сай емес деп жатады.

– Адвокат – бүкіл әлемдегі ең жоғары жалақы алатын мәртебелі мамандықтың бірі болып саналады. Оның мәні бұл кәсіптің жоғары интеллектіні талап етуімен, түрлі тәуекел, стрестермен бетпе-бет келіп, ұшқыр да ұтымды шешім қабылдай білуімен байланысты болса керек. Адвокаттардың еңбек ақысы әртүрлі. Оның көлемі ең әуелі істің ауырлығына, күрделілігіне байланысты. Сонымен қатар, адвокаттардың танымалдығы, көпшілік тарапынан мойындалуы да белгілі бір роль ойнайды. Азаматтардың да біліктілігі жоғары, қатысқан істерінде оң нәтижеге қол жеткізіп жүрген, өз ісін жауаптылықпен атқаратын адвокатқа таңдау жасайтыны, сәйкесінше олардың еңбегінен ақы аямайтыны түсінікті.

«Бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты қолға алған ісін аяғына жеткізбей, жұмысын шала орындап, қорғауындағы адамдардың көңілінен шықпайтын адвокаттар да бар. Әлбетте,



Айдын БИКЕБАЕВ, Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

«ҚОРҒАУШЫ МЕН АЙЫПТАУШЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ТЕҢЕСТІ ДЕУГЕ ӘЛІ ЕРТЕ»

сөзі көп, нақты ісі жоқ адвокаттардың әрекетіне көз жұмып қарауға болмайды. Өйткені бір адвокаттың қателігі бүкіл алқаның жұмысына көлеңке түсіреді, ісін кері кетіреді. Мұндай келеңсіздікке жол бермес үшін адвокат атқаратын жұмыс келісімшартта жан-жақты, нақты көрсетілуі керек. Келісімшарт – бұл азаматтар талабын құқықтық тұрғыда реттеудің, адвокаттармен арадағы қарым-қатынасты жүйелеудің кепілі. Сондықтан адвокаттың көмегіне жүгінген кездегі ең бірінші қадам, келісімшарт жасаудан басталуы керек. Келісімшарт болған жағдайда өз міндетін жүрдім-бардым атқарған, жұмысы еңбекақысына сай емес адвокатты тәртіпке салуға мүмкіндік туады.

– Соттағы істердің басым бөлігі орыс тілінде қаралады. Бұған тергеушілер мен адвокаттардың мемлекеттік тілді білмеуі түрткі болады деген пікірді жиі естиміз. Шынымен де солай ма?

– Соттағы мемлекеттік тілдің үлесін адвокаттармен байланыстыру қате. Қазақтілді азаматтарды ешкім қазақша білмейтін адвокаттың қызметін алуға мәжбүрлей алмайды. Себебі, сот – адам тағдыры таразыға түсетін орын. Төрелік алаңына үлкен дайындықпен бару керек. Ал адвокат – соттағы негізгі жанашырың, басты қорғаушың. Егер адвокат қорғауындағы адамның айтқанын түсінбесе, ойындағысын ұқпаса, сотта қалай қорғайды? Оның үстіне, әркім адвокатқа беретін қаржыны өз қалтасынан шығарады. Тиісінше еңбекақысын төлеп отырған соң азаматтардың адвокаттың қай тілді жетік білетінін, бұрынғы жетістіктерін елеп-екшеп барып қорытынды жасауына болады. Республикамызда 5800 адвокат жұмыс істейтінін ескерсек, азаматтарда таңдау жасауға мүмкіндік мол.

Шыны керек, елімізде қазақ халқының үлесі жылдан жылға артуда. Соған

орай мемлекеттік тілде қызмет жасауға қажеттілік те өсіп келеді. Бұл адвокаттардың да мемлекеттік тілді өз бетінше үйреніп, меңгеруіне ықпал етіп отыр. «Базардың бағасын нарық реттейді» демекші, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту азаматтардың қолында. Егер азаматтар сотқа тек қазақ тілінде талап арыз жазып, қазақтілді адвокаттарға ғана таңдау жасаса, қорғау ісі де біртіндеп тек мемлекеттік тілге көшер еді. Өзірге талпыныс бар, алдағы уақытта оң өзгерістер орын аларына сенеміз.

– Мемлекет тарапынан тегін заң көмегін беретін адвокаттар қызметіне көңілі толмайтындар көп. Әлде адвокаттар ақысы аз істер бойынша ізденгісі келмей ме?

– Адвокатурада шешілмей жатқан, қордаланған проблемалар баршылық. Солардың бірі осы мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін заң көмегіне қатысты. Мұндай заң көмегін көрсеткен адвокатқа ақы бюджеттік қаржы есебінен жүргізіледі. Бүгінгі таңда бұл бағдарлама бойынша жұмыс істейтін адвокаттарға 2,3 млрд. теңгеге жуық қаржы қарастырылған. Айтар атқа көп болып көрінгенмен, республика көлемінде заңдық көмек беру үшін бұл тым аз сома. Ең қызығы, заң көмегіне төленетін қаламақы минутпен есептеледі. Бір сағат сот отырысына қатысқан адвокатқа шамамен 1 АЕК мөлшерінде ақы беріледі. Ал адвокат қаланың бір шетінен екінші шетіне жету үшін қаншама уақытын жоғалтады. Сот процесін тосып отыратын кездері де көп. Сөйтіп сарылып сотқа қатысқанда 10-15 минут үшін ғана ақы төленіп жатады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, адвокаттың жол жүру мен күту уақыты есепке алынбайды. Бұл тәжірибе өзгертілуі тиіс. Адвокаттың жолға жұмсаған уақыты міндетті түрде бір сағатқа дейін дөңгелектей отырып есептелуі тиіс.

Тағы бір айта кетерлігі, мемлекет

кепілдік берген заң көмегі шеңберінде адвокаттардың қылмыстық процесті жүргізетін органдарға тәуелділігін алып тастау қажет. Бүгінгі таңда заң көмегін көрсетуге жұмсалған уақыт мөлшерін анықтау және тиісінше адвокаттың сыйақы көлемін белгілеу қылмыстық процесті жүргізетін органға жүктелген. Бұл адвокаттың тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді. Адвокаттарды тағайындау бойынша таңдауда да мәселе бар. Дұрысы, адвокаттарды тағайындау заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы кездейсоқ әдіспен айқындалуға тиіс. Түптеп келгенде тиісті еңбекақы қарастырылмай, халыққа көрсетілетін заң көмегінің деңгейі жоғары дәрежеде болмайды.

– Ал адвокаттардың білімі мен білігі жоғары ақы төлеуге лайық па?

Адвокат қаланың, бір шетінен екінші шетіне жету үшін қаншама уақытын жоғалтады. Сот процесін тосып отыратын кездері де көп. Сөйтіп сарылып сотқа қатысқанда 10-15 минут үшін ғана ақы төленіп жатады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, адвокаттың жол жүру мен күту уақыты есепке алынбайды. Бұл тәжірибе өзгертілуі тиіс.

– Жұмыс сапасы адвокатураға үздік заң кадрларын тартуға тікелей байланысты екенін мойындауымыз керек. Сондықтан біздің саламызға мықты мамандарды топтастыруға тырысқанымыз жөн. Бірақ мұны тек адвокаттар еңбегіне лайықты ақы төлеумен байланыстыруға болмайды. Бұл жерде мемлекеттің қатысуын талап ететін бірнеше мәселе бар. Соның негізгісі адвокаттар алқасының қоғамдағы беделін айшықтаумен өзектес. Мәселен, мемлекеттік бюджет

есебінен жүзеге асырылатын әртүрлі құқықтық консультациялар мен өзге де заң көмегін қаржыландырудың барлық түрін мемлекет адвокатураға беруге тиіс. Арнайы құқықтық мәртебесі жоқ адамдар бұл қызметпен айналыспағаны абзал. Тағы бір ескеретін мәселе, мемлекет кепілдік берген заң көмегі бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу қылмыстық қудалау органдарын ұстауға арналған мемлекеттік бюджеттің шығысымен мөлшерлес болуға тиіс. Сонымен қатар, тегін заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар шеңберін әлі де кеңейте түскен жөн. Бұл азаматтардың неғұрлым көп бөлігінің тегін заң көмегімен қамтылуы-

ретте кәсіби этиканың бұзылуы процесігік оппоненттерге қатысты ғана емес, өз әріптестерінің кәсіби қызметіне қатысты да орын алуда. Кәсіби этика талаптарын бұзған, заңға қайшы әрекет еткен адвокаттар жауапсыз қалмайды. Былтырғы жылы 180 адвокат тәртіптік жауаптылыққа тартылған. «Ет сасыса түз себер, түз сасыса не себер?» дегенді қазақ осындайда айтса керек. Елді қорғайды, заңның бұзылмауына ықпал етеді деген адвокаттың өзі заңға жат әрекет жасаса оны жылы жауып қоюға болмайды. Кәсібіне сай келмейтін, өз мақсатына жету үшін теріс әрекеттерге жол беретін адвокаттарға біздің салада орын жоқ.

– Адвокат ретінде сот отырысындағы айыптаушы мен қадағалаушының мүмкіндігі, рөліне қандай баға берер едіңіз?

– Адвокаттардың беделін көтеру, құзыретін арттыру қоғам үшін, азаматтар үшін маңызды. Сондықтан бұл мәселеге соңғы жылдары жіті назар аударылып келеді. Бірақ, солай екен деп соттағы қорғаушы мен айыптаушының әлеуеті, мүмкіндігі теңесіп кетті деуге әлі ерте. Зандағы прокуратураға берілген өкілеттіктер судьялардың прокурорларға тәуелділігін арттырады. Бұл іс жүзінде адвокат пен прокурордың теңсіздігіне және сот процесінде айыптау жағының басым болуына әкеледі. Заңнамаға сәйкес прокуратура заңды күшіне енген сот актілерін қадағалау құзыретіне ие. Дұрысы, прокуратураның сотта мемлекет мүддесіне өкілдік еткенімен, сотты қадағалауы жөн емес.

– Сот отырысында судьяны мантиясынан, прокурорды қызметтік формасынан жазбай танысыз. Ал адвокаттардың кәсіби киім үлгісі неге жоқ?

– Бұл мәселе адвокаттардың арасында да талай талқыға салынған. Әдеп кодексіне сәйкес, кәсіби міндеттерін орындау кезінде адвокаттар іскерлік этиканы және іскерлік киім стилін сақтауы керек. Алайда іскерлік киім стилі адвокаттың ерекше мәртебесін толық көрсетпейтіндіктен, кезінде арнайы адвокаттық белгі тағу ұсынылған болатын. Осыған байланысты алқа адвокаттың төселгісін даму тұжырымдамасында жұмысын қолға алған еді. Бұйырса, әріптестеріміздің кәсіби төселгімен отыратын күні жақын. Бұған қоса, сот отырыстарына әріптестеріміздің адвокаттық мантияда қатысу құқығы кәсіби заңда белгіленген. Бұл ретте адвокаттық мантияның нысаны мен сипаттамасын Республикалық адвокаттар алқасы әзірлеп, бекітеді. Кәсіби заңның осы талаптары алдағы уақытта орындалуға тиіс.

– Сізді адвокатураға үлкен өзгеріс алып келеді деп үміттенгендер көп. Алдағы уақытта салада қандай өзгерістер болады?

– Өзің қалаған, өзің таңдаған саланы жандандыру, заман талабына сай дамыту – үлкен міндет. Республикалық адвокаттар алқасына төраға болып сайланғанымға көп бола қойған жоқ. Отандық адвокатураға тән жетістік пен кемшілік маған жақсы таныс. Мәселені ішінен білетіндіктен, оны шешу, жолға қою қиын бола қоймас деп ойлаймын. Тек әріптестер қолдап, саланың ілгерілеуіне үлес қосса болғаны. Ал жақында әзірленген «Жаңа Қазақстан – Жаңа адвокатура» атты қазақстандық адвокатураның даму тұжырымдамасында алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстар көрсетілген. Тұжырымдамада дәйектелген мәселелер шешіліп, жолға түссе – мақсатымыздың орындалғаны.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ҚҰРЫҚ

Қазақ халқы малын – жанының, қанын – арының садақасына балаған халық. Мал – ежелден көшпелі елдің күнкөріс көзі болған, сол маңызын әліге дейін жойған жоқ. Сол себепті, мал дауы үшін қатаң жаза кесілген.

Мал дауына қатысты қазақта қалыптасқан билер бітімі әр кезеңдегі мемлекеттік құрылым-жүйеге қарай өзгеріп отырды. Тіпті «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» өз дәуіріндегі заң-жарғылардың, мемлекеттік құқықтардың жинақталған озық үлгісі болды. Міне, сол заңдарда да жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал дауы және ар дауы бо-

йынша тағайындалатын жазалар айқын көрініс тапқан. Соның ішінде, мал дауы жиі туындаған, дала заңында да, шариятта да оның тиісті үкімі болған. Елімізде 2019 жылдан бері мал ұрлығына қарсы күрестің тиімділігін арттыру үшін заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық шаралар қабылданып жатыр.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мал ұрлығымен күресті күшейту қажеттігіне назар аударып, 2019 жылы Қылмыстық кодекске тиісті өзгертулер енгізу туралы тапсырма берген болатын. Сөйтіп Қылмыстық кодекске «Мал ұрлау» дейтін 188-1-бап енгізілді.

Осы заңға сай, мал ұрлау, яғни бөтеннің малын

жасырын жымқыру қылмысын жасағандардың мүлкі тәркіленіп, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер қылмыскерлер алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып не ірі мөлшерде, бірнеше рет ұрлық жасаған болса, үш жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сондай-ақ, бұл бап ұрылардың жәбірленушілермен татуласу арқылы жауапкершіліктен жалтаруына жол бермеуге және ұрлықтың алдын алуды күшейтуге мүмкіндік беріп келеді.

Бүгінде мал ұрлығының ұйымдасқан түрімен күресу үшін өңірлерде жедел-іздістіру топтары жұмыс істейді. Зандағы өзгеріс нәтижесінде мал бағып, таза адал еңбекпен күнелтіп отырған жандардың несібесіне ешкім қол салмайтын болады деп күтеміз. Өлі де ел ішінде мал ұрлығы үшін қатаң жаза қарастырылғанын білмейтіндер көп. Сот тәжірибесінде төрт түлікті барымталап, ауыл ішінде ұрлыққа түскендер бармағын тістеп, өкініш білдіріп жатқан тәжірибелер аз емес. Қалай десек те, заң талабы жеңіл емес.

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Қаңтар айынан бастап ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген «Сотқа дейінгі хаттама» институты тараптар арасындағы дауды сот процестерінсіз, яғни, соттан тыс тәртіппен шешу мүмкіндіктеріне жол ашты.

Қоғамда түрлі мәселемен сотқа жүгінушілердің қатары жылдан-жылға көбеймесе, азайып жатқан жоқ. Ресми дерек бойынша, өршіп тұрған даулардың көпшілігі неке бұзу, алимент өндіру, баспана дауы, займ несие мәселесі, балағат сөз айтып басқаға тіл тигізу сияқты қоғамдағы олқылықтар. Даудың алдын алуға бағытталған «Сотқа дейінгі хаттама» жаңа институты азаматтық істерді бітімгерлікпен шешудің тараптарға тиімді жолын көрсетті.

Соттың міндеті қара қылды қақ жара отырып, заң жүзінде кінәліні жазалау болса, сотқа дейінгі хаттаманың мақсаты екі жақты татуластырып, азаматтардың мүдделерін аяққа таптамай, керісінше қос тараптың да ақ батасын алатындай дәрежеде жұмыс жасауды көздейді. Біз көбіне сотқа арызын аркалап келген жас жұбайларды райынан қайтаруға тырысамыз. Мақсат – отбасын сақтап қалу. Егер, алған бетінен қайтпаса, әрине арызы тіркеледі, заң аясында некесі бұзылады. Бірақ оған дейін сотқа дейінгі хаттаманың тиімді тәсілін ұсынып, бітімгерлікке шақыру жұмысы жүргізіледі. Нәтиже де жаман емес, заңда көрсетілген осы жаңа институт арқылы біршама азаматтық іс сотқа дейін екі тараптың келісімімен оң шешімін тапты.

Жалпы, статистикалық мәліметтерге сай, Қазақстандағы әрбір үшінші неке бұзылуға бейім екен. Әріге бармай-ақ, өзіміздің өңірдегі көрсеткішке көз жүгіртсек. Мәселен, жыл басынан бері аудандық сотқа 15 неке бұзу туралы арыз түссе, оның ішінде 8-і алимент өндіру бойынша келген арыздар. Отбасын сақтап қалуға кеңес беріп, жыл басынан бері сотқа дейінгі хаттама арқылы 3 отбасын татуластырдық. Осылайша неке бұзуға өтініш білдірген жас-жұбайларды райынан қайтаруға тырысамыз. Нәтиже-

сінде ызаға булыққан жастар өз арызын алып, отбасын сақтап қалды. Осы тұрғыдан алғанда қолданысқа енген «Сотқа дейінгі хаттама» институты өз тиімділігін көрсетіп отыр.

Нақтырақ айтсақ, сотқа арыз келіп түскен соң сот тараптарды заң нормаларына сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін қоса жолдайды. Даулы мәселеге қатысты дәлелдемелер келтірілген сотқа дейінгі хаттама сотқа түскеннен кейін, татуластырушы-судья тараптарға дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктері мен тиімді тұстарын түсіндіреді.

Алдымен сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласуды түсіндіріп, тараптардың пікірін нақтылайды. Ауызша өтініш ДБЖ арқылы тіркеледі немесе жазбаша өтініш талап етіледі. Сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін ұсынып, оны жасау үшін мерзімін белгілейді. Егер тараптар 10 жұмыс күні ішінде сотқа дейінгі хаттама жасамай-ақ татуластыру рәсімдері шеңберінде келісімді бекіту туралы өтініш жасаса, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады.

Бұл өзгерістер осы жылдың 5 қаңтарынан бастап қолданысқа еніп, бүгінгі таңда сотқа дейінгі хаттама нәтижелі жұмыс істеуде. Ең тиімдісі, сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуласу рәсімін қолдану – тараптар арасындағы моральдық және материалдық шығындардың азайып, дау-жанжалсыз өзара ортақ шешім тауып, қарым-қатынастың жақсы жаққа бет бұруына әкеледі.

Асылхан МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының төрағасы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

БІЛІКТІ ХАТШЫ – СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚТАНЫШЫ

Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот отырысының хатшысы атқарады. Сот отырысының хатшысы лауазымына жоғары заң білімі бар не мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақтылы лауазымның тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде екі жыл жұмыс етілі бар болған жағдайда заң мамандығы бойынша арнаулы-орта білімі бар адам тағайындалады. Ол кеңсе басшысы мен кеңсе меңгерушісіне бағынады және есеп береді.

Сот отырысының хатшысы өз жұмысында ҚР Конституциясын, «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңын, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас қемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР заңдарын, облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы сот кеңселері туралы ережені және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Сот отырысы хатшыларының құқықтары мен міндеттері «ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) Нұр-Сұлтан қалалық соты кеңсесінің» басшысы бұйрығымен бекітілген бас маман-сот отырысы хатшысының лауазымдық нұсқаулығында көрсетілген.

Сот отырысы хатшысы Конституция мен заңнаманы сақтайды; азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді, азаматтардың өтініштерін заңмен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарайды, олар бойынша қажетті шаралар қабылдайды; өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады; мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтайды; өзіне заңмен белгіленген шектеулерді қабылдайды; заңнамамен белгіленген қызмет әдебінің нормаларын сақтайды. Сот отырысы хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай болып көрінуі мүмкін. Бір қарағанда, сот отырысының хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жазып, іс құжаттарын реттеп отыратын жай ғана маман сияқты. Алайда, сотта қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтары мен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот отырысы хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сөйте тұра қызықты да.

Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгінде бұл жұмыста ілгерілеу бар, қазір сот отырысының барысы дыбыс-бейнежазба арқылы жазылып дайындалады. Барлық сот процестеріне бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе дыбыс жазу материалдарын редакциялауға мүмкіндігі болмайды.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты.

Едіге КАРИМГАЛИЕВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

БІТІМ

Байғанин аудандық сотында талап қоюшы Г.-ның жауапкер А.-мен арасындағы тұрғын үйді ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігіндегі үй деп танып, ондағы үлесін ½ мөлшерінде анықтап, өз үлесін ақшалай түрінде өндіруді сұраған талап қою арызы бойынша азаматтық іс қаралды.

ҮЙ БӨЛІСУ ДАУЫ МЕДИАЦИЯМЕН РЕТТЕЛДІ



Талап қоюшы Г. мен А. бұрын заңды некеде тұрған, заңды некесі бұзылған, араларында жастары көмелетке толмаған 3 балалары бар.

Үй жауапкердің атына тіркелген, алайда тараптар қазіргі кезде мүлкіті бөлісу мәселесі бойынша ортақ шешімге келе алмаған.

Талап қоюшы сотқа жүгінерден бұрын даулы үйдің нарықтық құнын анықтау үшін жауапкершілігі шектеулі серіктестікке жүгінген, осы серіктес-

тіктің аналитикалық анықтамасында тұрғын үйдің нарықтық құны 8 866 000 теңге деп көрсетілген.

Істі сот талқылауына дайындаған кезде тараптар талап бойынша кәсіпқой емес медиатордың ықпалдығымен жасалған дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынып, оны бекітуді және іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды сұрады.

Дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге сәйкес

жауапкер А. талап қоюшы Г.-ның біріккен ортақ меншігіндегі тұрғын үйдегі үлесін 4 433 000 теңгені 2022 жылғы 26 мамырға дейін қайтаруға міндеттелген.

Талап қоюшы Г. жауапкер А.-мен дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келуіне байланысты талабынан бас тартады, егер келісім белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда атқару құжатын жасактап, сот орындаушысына жүгінеді. АПК-нің 277, 278-баптарына сәйкес, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту және шағым бойынша іс жүргізуді тоқтатудың тәртібі мен салдары тараптарға түсіндірілді. Осы кодекстің 278-бабының 2-бөлігіне сәйкес, іс жүргізу тоқтатылған жағдайда сол тараптар арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейді.

Соттың ұйғарымымен талап қоюшы Г.-ның жауапкер А.-ға тұрғын үйді ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігіндегі үй деп танып, ондағы үлесін ½ мөлшерінде анықтап, өз үлесін ақшалай түрінде өндіру туралы талап қою арызы негізінде қозғалған азаматтық іс бойынша тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімі бекітілді. Бұл шағым бойынша іс жүргізу тоқтатылды. 44 330 теңге көлеміндегі мемлекеттік баж талап қоюшыға қайтарылды.

Е.ЖЕТКЕРГЕН,
Байғанин аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов: «Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек» – деген. Сол сияқты қоғамдық тәртіп қоғамның қалыпты тіршілік етуінің қажетті шарты. Қоғамдық тәртіптің арқасында адамдардың мінез-құлқы мен іс-қилығы ретке келеді, жауапкершілік қалыптасады. Мұның өзі ұжымдық қызметті және әлеуметтік ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.



ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ – КҮШ пен БІРЛІК БАР

Қоғамдық тәртіп әрқашан қоғамдық қатынастармен айқындалады және ол осы қатынастарды қорғауға қызмет етеді. Қоғам әркез тәртіпке негізделіп тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, ол елдің келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған.

Қоғамдағы шиеленісті болдырмау, азаматтық құқыққа нұқсан келтірмеу мақсатында әкімшілік-құқықтық шаралар жүйесі жұмыс жасайды. Қазіргі қолданыстағы әкімшілік заңнамаға сәйкес, қоғамдық тәртіпке және қоғамдық имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 25-тарауында көрініс тапқан ерекше әкімшілік құқық бұзушылықтар тобын құрайды.

Аталған тарауда 434-бап ұсақ бұзақылық, яғни, қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылық таныту, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер жасалған жағдайда, сотпен 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылатыны көрсетілген.

2022 жылдың 3 айында Маңғыстау облысы Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында ӘҚБтК-нің 434-бабы бойынша сотқа 59 әкімшілік істер түсіп, (2021 ж. – 59 іс), 6 іс бойынша істер қысқартылып (2021 ж. – 13), 50 жеке тұлғаға әкімшілік айыппұл жазасы қолданылып (2021 ж. – 46), 3 адамға (2021 ж. – 5) қатысты әкімшілік қамаққа алу жазасы шығарылған. Бұл орайда, ұсақ бұзақылық жөніндегі әкімшілік құқық

бұзушылықтар әлі де болса жеке тұлғалар тарапынан толастамай отырғанын байқауымызға болады.

Қазіргі заманның талабына сай қалыпты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мемлекет қызметтерінің бірі. Оны жүзеге асыруға ҚР Конституциясында көрсетілгендей, барлық мемлекеттік органдар, жауапты тұлғалар мен азаматтар қатысады. Бұл қызметтерді жүзеге асырудағы басты рөл ішкі істер органдарына берілген. Олардың құқықтық жағдайларына сәйкес, елдегі қоғамдық тәртіпті сақтау – басты міндет.

Құқық бұзушылықты жою және оларды туындататын себептер бойынша міндеттерді шешудің негізгі жолдары, әрине, азаматтарды тәрбиелеу. Бүгінгі заман талабына сай олардың адамгершілік қасиеттері мен мәдени деңгейін көтеру, ел азаматтарын қоғамдық тәртіпті нығайтуға, бұзақылықпен, маскүнемдікпен күресті күшейтуге, демократиялық принциптерді іске асырудың сенімді базасын құруға бағыттайды.

Құқықбұзушылық құқықтық нормалар қорғайтын мүддеге нұқсан келтіріп қоғамның, жеке адамның мүддесіне зиянын тигізеді, белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Құқықтық нормалардың талаптарын орындамау нәтижесінде тәртіп бұзылады, қоғамдық қатынастар сақталмайды, белгілі бір игілік, құнды зат жоғалады, адамның өміріне, денсаулығына, рухани сезіміне зиян келтіреді. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың негізі – тәртіпке байланысты болады. Бұны әрқайсысымыз ойлаған жағдайда ғана көптеген заң бұзушылықтарды болдырмай, қоғамды ізгілендіре түсеміз.

Болат ПАЗЫЛОВ,
Маңғыстау облысы Ақтау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ПІКІР

«ОТАНСЫЗ АДАМ – ОРМАНСЫЗ БҰЛБҰЛ»

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен ел болғанымызға отыз жылдан асты. Осы уақыт ішінде Қазақстан етек-жеңін жинап, шекарасын бекітіп, әлем жұртының алдында өзінің даңқты ел екенін мойындата білді. Бұл ата-бабалардан бастау алған ұлы жеңістің жемісі.

Қазақстан тәуелсіздігін барша әлем елдері мойындап, қолдау көрсетті. Елдің енесін тіктеуіне, тұрмыс тіршілігінің жақсаруына, әлемдік беделге ие болуына тұңғыш президент Н.Назарбаев елеулі үлес қосты. Жазық далаға Нұр-Сұлтан қаласын салып, оны әлем жұртына таныта білді. Қаланың аспанымен таласа салынған биік ғимараттары мен халықтың қолданысы үшін әр-қилы ойын-сауық кешендер қала әсемдігіне көрік қосып тұрғанына бәріміз куәміз. Қазақстанның тарихқа толы қалаларының барлығы еліміздің баға жетпес байлығы, әрі әлем жұртының қызыға

ОҢ ҚАДАМ

СӨЗГЕ ТОҚТАҒАННЫҢ ҰПАЙЫ ТҮГЕЛ

«Ел даусыз болмас» дейді халқымыз. Дау-жанжал – кез келген қоғамға тән құбылыс. Алайда отбасындағы, ағайын-бауыр, дос, көрші арасындағы таласты сот таразысына салу қаншалықты дұрыс? Жақыныңызбен немесе ауылдасыңызбен соттасып, не ұтасыз?

Сіз сотқа арыз бердіңіз делік. Әрі қарай не болмақ? Біріншіден, істің қаралуы созылып кетуі мүмкін. Іске нүкте қойылғанша, әдетте, бір емес, бірнеше сот отырысы өтеді. Шағымдар облыстық, тіпті Жоғарғы Сотқа жолданып жатады. Қайта-қайта жұмыстан сұранып, кәсіпті тоқтатып, жеке тірлікті ысырып қоюға тура келеді. Екіншіден, шығыныңыз артады. Мемлекеттік баж салығын төлейсіз, сот шығынын өтейсіз, заңгер жалдағысыз. Жолға шашыласыз. Үшіншіден, осыншама кезендерден өтсеңіз де дау сіздің пайдаңызға шешілетініне еш кепілдік жоқ. Онда айтысуға, таласуға мәжбүр боласыз. Ашуға беріліп, ауыр сөздер айтылады. Осы жолдың барлығынан өтіп, ашуын басып, ренішін ұмытқан соң кейде тараптардың өзара келісімге келуге болар еді деп өкініп жататыны рас. Міне, сондықтан даулы мәселені татуласу, келісу, бітімге келу жолымен шешкен абзал. Одан екі тарап та ұтады. Уақыт жоғалтпайды. Ақша үнемделеді. Қатынас үзілмейді. Жүйке мен абырой-бедел сақталады.

Осы орайда Бәйтерек ауданына қатысты бірер дерекке тоқталып өтсем. Бәйтерек аудандық сотына былтыр 332 талап-арыз түсіп, 262 іс қаралды, оның 9-ы татуласу рәсімімен тоқталды. Биылғы үш айда аудандық сотқа 50 талап түсіп, 30 іс қаралды, 1 іс татуласу рәсімімен тоқталды.

Қазір елімізде сотқа дейін де, соттың өзінде де татуласуы үшін жан-жақты жағдай жасалған. Сотқа дейінгі татуласу бойынша кәсіби медиаторлар мен басқа да мамандар жұмыс істейді. Олардың міндеті – келіссөз жүргізу, екі жаққа қолайлы, көңілге қонымды шешім іздеу және ұсыну. Татуласудың басты артықшылығы – ол тек дауды реттеп қана қоймай, сонымен бірге қарым-қатынасты сақтап, қалпына келтіреді. Тараптар өз еркімен, саналы түрде ортақ келісімге келеді. Медиаторды әрбір адам өзі таңдаған соң жемқорлыққа да жол берілмейді.

Азаматтық істер бойынша соттан тыс және сотқа дейінгі істерді жетілдіру мақсатында Азаматтық процесітік кодекске өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, «сотқа дейінгі хаттама» жобасы өз жұмысын бастады. Жаңа өзгеріске сәйкес, татуластырушы-судья ең алдымен талап қою келіп түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде құқық нормаларының жиынтығын тексереді. Соған сәйкес көрсетілген мерзімде талап қоюды қайтару не қабылдаудан бас тарту туралы мәселені шешеді.

қарайтын, саяхаттап келетін туристік мекеніне айналды.

Арысы Қазақ хандығынан бастап, берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы – осы аманатты барлығымыз сақтауымыз қажет. Қазақта «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Біз, жастар Тәуелсіз Қазақстанның болашағымыз. Осы еркіндікті баянды ету – біздің басты парызымыз екенін ұмытпауымыз қажет.

ЗАМАНКУЛОВА
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Ал татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап қоюды қабылдау 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жобаның негізгі мақсаты – тараптарды сотқа дейін татуласуға, дұрыс шешім қабылдау үшін қосымша уақыт беруге арналған.

«Сотқа дейінгі хаттама» аясындағы жұмыс тәртібіне тоқталсақ. Сотқа арыз келіп тскен соң сот тараптарды заң нормаларына сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады және сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін қоса жолдайды. Судья дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктері мен тиімді тұстарын түсіндіреді. Егер тараптар дауды сотқа дейінгі хаттамасыз ортақ мәмілеге келіп аяқтаймыз деп шешсе, сот 10 күн ішінде істі қарауға тағайындайды. Ал дауды сотқа дейінгі хаттама толтырып, бітіммен аяқтайтын болса, сот 15 күннен кешіктірмей азаматтық істі қарауды тағайындайды. Бұрын талап қою арызы бес жұмыс күні ішінде қабылданатын.

Сондай-ақ, сотқа дейінгі хаттамада тараптар өз талаптарының немесе қарсылықтарының негізін, дәлелдерін сот талқылауына дайындау сатысында ұсынуы керек. Азаматтық процесітік кодекстің 73-бабы 2-бөлігінде көрсетілгендей, сотқа дейінгі хаттаманы жасамаудың салдары бар. Мұны хаттаманы жолдаған кезде тараптарға түсіндіру қажет. Өйткені, тараптар сот отырысы барысында тек сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы. Яғни, егер тараптар мұндай құқықты пайдаланбаса, онда сот отырысында олардың дәлелдемелерді ұсыну құқығы шектеледі. Осыдан кейін, олар дайындық кезінде дәлел келтірмеу себебін дәлелдеуге мәжбүр болады. Бұл жаңа институт біріншіден тараптарды өз мүмкіндіктерін саралап, нақты шешім қабылдауға көмектеседі.

Коронавирус секілді даусыз дерттің дүрбелеңі басылмай тұрған қазіргі уақытта жұрттың дау-дамайға бой алдырмай, барынша ымырашыл болғаны маңызды. Ел басына күн туған сын сағатта болмашыдан от шығарып, опынны қалмас үшін барынша татуласуға тырысу қажет. Сөзге тоқтау – біздің қоғамның, қазақ халқының басты құндылығы. Ал татуласу рәсімдері тараптар арасындағы дауды тарқатып қана қоймай, қоғамдық келісімнің сақталуына да септігін тигізеді. Өйткені ырыстың шашылмауынан ымырашылдықтан басталатынын қаперімізден шығармайық, ағайын.

Гүлжан ДЖУМАЛИЕВА,
Бәйтерек аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

3. Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-energy/?lang=kk> жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасына 050001, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82, Мыңбаев көшесінің қиылысы мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

6. «Каспий тасымалдау компаниясы» ЖШС, БСН 051140003673, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталдың 105 141 300 (жүз бес миллион жүз қырық бір мың үш жүз) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050045, Алматы қаласы Бостандық ауданы, «Нұр Алатау» ықшамауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, 21.

12. «Enrico invest» ЖШС, БСН 090240014052, жарғғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, бөлме 2-1В-7.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 04. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

ҚАДАЛАУ

БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ ТИІС

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болып отыр. «Бала болашағымыз» дейтін ел үшін көмелетке толмағандардың теріс жолға түсіп кетпеуі маңызды. Сондықтан қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отырған жасөспірімдер қылмысының алдын алу бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Өйткені, тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейім болатыны түсінікті.

Әсіресе, жаз маусымының басталуы жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың өсуімен ерекшеленеді. Сәйкесінше олардың тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы да екі еселене түседі. Мектептен қолы босап, бос уақыты көбейген жасөсіпірімдер қызығушылықпен түрлі жаман әдеттерге ұрынғыш келеді. Жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жаз мезгілінде көп тіркелуі ойымызды нақтылай түседі. Сондықтан мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарының маңызы зор! Сондай-ақ, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді. Осы орайда атап өтер жайт, құқық тәртібін бұзуға бейім балалардың көбісі жайсыз отбасылардан шыққанын тәжірибе көрсетіп отыр. Демек бала тәрбиесінде ата-ананың қадағалауының, бос уақытын тиімді ұйымдастыруының маңызы зор!

ҚР Конституциясының 27-бабына сәйкес, неке мен жанұя, ата-ана, бала мемлекет қарамағында болады. Сондықтан да, мемлекет жасы толмағандардың қылмысына қоғамға жат қылықтарына қарсы бағытталған қандай да болмасын келелі істер бола қалса, үлкен мән береді. Осыған байланысты атап кететін жайт, ҚР Қылмыстық кодексінің 2-тарауы «Жанұя мен көмелетке жасы толмағандарға қарсы қылмыс» деп аталып, оларға қарсы қылмыс істеле қалса, қылмыстың ауырлығын ескере отырып кінәліге жауапкершілік сараптамалық жолмен белгіленеді.

Көп жағдайда жан-жағын енді танып келе жатқан жасөспірімдердің өз құқығын жете білмеуі де қылмысқа ұрындырып жатады. Сондықтан, мектеп тарапынан заңды білмеу және оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайтын үнемі жас ұрпаққа түсіндіріп отыру маңызды. Жасыратыны жоқ қазір көмелетке толмағандардың айналасында оны еріксіз жетелеп кететін түрлі қызығушылықтар көп. Мәселен, олардың психикасына қатты әсер ететін компьютерлік ойындар, электронды темекі секілді назарын білім алудан гөрі тез баурап алатын жаман әдеттер бар. Кей



жағдайда сол жаман қылықтарға еліктеп, соны қолға түсіру үшін тәртіп бұзып жататындар да кездеседі. Сондықтан жасөспірімдер құқықбұзушылығының алдын алу жұмыстарын үнемі қадағалауды күшейтудің маңызы зор! Көмелетке толмағандар қылмысының сан-салалығы олардың күнделікті қылмысынан өз көрінісін табуда. Мұндай мүлтікк қылмысқа бару – 7,8 пайыз, жеке адамның затын ұрлау – 49,4 пайыз, мемлекет және қоғам мүлкін ұрлау – 1,7 пайыз, тонау мен шабуыл – 11,2 пайыз көрсеткішпен қылмыс санының көбеюіне әсер етіп отыр.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығының алдын алу және ескерту, бұзақылыққа бет алған жасөспірімдер топтарын, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, спирттік ішімдіктерді пайдаланатын және сабақтан қашып жүрген, түнгі уақытта ата анасыз ойын-сауық мекемелерінде жүрген көмелетке толмаған жастарды анықтау мақсатында арнайы құқық қорғау орындары үнемі қадағалау жұмыстарын жүргізіп жатады. Дегенмен, жасөспірімдерге жан жақты қадағалау жұмыстары артықтық етпейді. Ол үшін мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты күшейту қажет, жасөспірімдерге оның дамуындағы өзгерісті ескере отырып уақытылы психологиялық көмек көрсету, демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, теріс қылықтардың себептері мен салдарын егжей-тегжейлі талдай отырып, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтарға мониторинг жүргізу, мектеп медиациясын енгізу, құқықтық сауаттылықты арттыру және көмелетке толмағандар арасында салауатты өмір салтын насихаттау секілді үнемі тәрбиелік жұмыстар жүргізіп отыру қажет. Сонда ғана қоғам болып саналы, сапалы ұрпақ қалыптастыра аламыз!

Нұрлан НҰРМАХАНБЕТОВ,
Алматы облысы №2 көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

13. Хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық істің ашылуына байланысты Қазақстан Республикасының азаматы, 1978 жылы туған, Ақсу ауданының тумасы С.Н.Жасылықоваға іздеу саламыз. Ол кісі туралы нақты мәлімет білсеңіздер, Алматы облысы Қаратал аудандық сотына хабарлауларыңызды сұраймыз. Тел.: 87283421244.

МҰРАГЕРЛІК

9. 20.11.2020 ж. қайтыс болған, Алматы облысы, Еңбекші-қазақ ауданы, Ақтоған ауылында тұрған Мекей Кулияның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, 116А үй, «Халық банктің» бұрынғы ғимараты, 1 қабат мекенжайы бойынша нотариус Н.Т.Тұрғанға хабарласуларын сұраймыз.

БАНКРОТТЫҚ

10. Қарағанды облысының МАЭС-да «Жаңару Құрылыс Компаниясы», ЖШС-нің, БСН 140840002141, банкроттығы туралы іс қозғалды.

11. Қарағанды облысының МАЭС-да «Қарағанда Food Trade» ЖШС, БСН 120240011978, банкроттығы туралы іс қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetlysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23.

«БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ»

«Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» деген мақал қай заманда да, қай қоғамда да өз заңдылығын жойған емес.



ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов дау-дамай деңгейін төмендету, бітімгершілікті бекемдеу туралы үнемі айтып келеді. «Сот – дау алаңы. Ондайда абырой-беделді, адамгершілік пен имандылықты жиып қойып, айтысуға, тартысуға тура келеді. Сондықтан дау туындағанда ең дұрысы, татуласу», – деп азаматтарды келісімге шақырады.

Біздің халқымыздың арасында кейде құқығын қорғау үшін емес, өш алу, кек қайтару, «принцип үшін» ғана соттасатындар туралы айтып жүрміз. Бұл ең алдымен соттасушыны қара шығынға түсіреді. Біріншіден, істі қарау ұзаққа созылып, бір емес, бірнеше сот отырысы өтуі мүмкін. Бұл уақыт шығыны! Екіншіден, апелляция,

тіпті кассация шешімі де көңілден шықпай, бірнеше сатылар бойы сот талқылауын бастан өткеруі мүмкін. Бұл моральдық шығын, физикалық тұрғыдан шаршау. Үшіншіден, мемлекеттік баж төлемі, сот шығыны, заңгер қызметі үшін төленетін төлемдер. Сотпен жағаласып жүріп, жұмыстың дағдарысқа ұшырауы не клиенттерді жоғалтуы мүмкін. Бұлардың барлығы қаражат шығынына әкеліп соғады.

Сол үшін бүгін әр аймақта билер соты мен татуластыру орталықтары құрылған. Соттарда пилоттық жоба ретінде 2018 жылдан бастап татуластырушы-судьялар бекітіліп, қызмет атқаруда. Қазақстанның барлық қаласында соттан тыс татуласу орта-

лықтары құрылды. Тараптарды сотқа дейін татуласуға ынталандыратын заңдар қабылданды.

Елімізде жыл сайын дау-жанжалдардың саны артуда. Медиация рәсімдерімен аяқталған істер де сәйкесінше көбейіп келеді. 2015 жылы жалпы қаралған азаматтық істердің 1,5 пайызы ғана, яғни он мың іс медиациямен аяқталған. Ал, (соңғы 4 жылда 2018–2021) сотқа түсетін талап арыздар саны 2,5 есеге, яғни 900 мыңнан 370 мыңға дейін азайды. Бұрын 2-3% іс татуласумен аяқталса, қазір бұл көрсеткіш 34%-ға жетті. Демек, әрбір үшінші істе тараптар бітімге келуде.

Соттан тыс және соттағы татуласуға «Цифрлық сот талдауы» атты Жоғарғы Соттың жаңа IT сервисі де ықпал етпек. Онда жасанды зерде элементтері алғаш рет қолданылған. Бағдарлама қандай да бір талап-арыз бойынша сот шығаратын ықтимал шешімді болжай алады. Осылайша, тараптар жеңіске жету мүмкіндігін бағамдап, ұзақ уақытқа созылатын соттасу әлегінен құтылады.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ САПАНЫ АРТТЫРДЫ

Сотқа жаңа технология жетістіктері мен алкабилер институтының қолданысқа енгізілуі, медиацияның тәжірибеде көбеюі жаңа ізденістердің нәтижесі. 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енген ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бүгін оң нәтиже беруде. Бұл ретте енгізілген мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың ашылуының өзі – жүйенің бір орында тұрмай, толассыз даму үстінде екендігін айғақтайды.

Сондай-ақ, сандық технологияның тиімді тұстарының бірі – «Сот кабинеті» сервисінің жұмысы. Электрондық жүйе сот ісін жүргізуді жеңілдетті және жеделдетті. Бүгінгі таңда, азаматтар сотқа келмей-ақ, үйде немесе жұмыс

орнында отырып, сотқа талап қоюмен (арызбен) жүгіне алатын дәрежеге жетті. Нәтижесі – бұрынғы қағазбастылық азайып, уақытты тиімді пайдалануға өз септігін тигізуде. Қазіргі кезде әрбір тұлға, ұйым өзіне қатысты сот өндірісіндегі істің жүру процесін қадағалай алады және өзіне қажетті құжаттарды, ақпаратты электронды түрде ала алады. Әрбір сотқа қатысушы тараптар сот шешімдерін ғаламтор арқылы оқи алады.

А.ИМАНБЕКОВА,
Мұғалжар аудандық сотының кеңсе менгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ

Заң көмегін алу құқығы ҚР Конституциясында жарияланған негізгі құқықтардың бірі. Бұл құқықты қамтамасыз ету – әділ сот талқылауының, негізсіз айыптаулар мен үкімдерден, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғаудың кепілі.

Сондықтан, егер айыпталушының адвокат қызметіне ақы төлеуге мүмкіндігі болмаса, мемлекеттің қорғану құқығын қамтамасыз етуі маңызды. Сот төрелігінің мүдделері осы құқықтың тиімді қамтамасыз етілуіне байланысты.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 112-бабы бойынша судья істі сот талқылауына дайындаған кезде немесе сот істі қараған кезде мына адамдарды:

1) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу

туралы даулар бойынша талап қоюшыларды;

2) жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар, сондай-ақ, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топ-

тағы мүгедектер, жасына байланысты зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес даулар бойынша талап қоюшылар мен жауапкерлерді;

4) заңға сәйкес акталған адамдарға олардың зиянын өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық босатуға міндетті.

5) Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерін ҚР Үкіметі белгілейді.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі Әділет министрлігі бекіткен заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

Марем АЛБАКОВА,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

АЙНА

Қылмысқа қарсы күрестің табыстылығы көбінесе әрбір қылмыстың қаншалықты тез және толық шешілетіндігімен, қылмыскерді анықтау және істі сотқа өткізуімен айқындалады. Әрбір қылмыс бойынша тергеушінің дұрыс шешім шығаруы, сот үкімінің әділетті және заңдылығына кепіл болады.

ЖҰРТҚА СЫЙЛЫ, КӨПКЕ ҰЛГІ

Сот қаншалықты тәуелсіз болғанымен, қарауына жіберілген қылмыстық іс материалдарына жүгінеді. Алдымен қылмыстың құрамы мен оқиғаларын анықтайтын, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның кінәсін дәлелдейтін тергеуші – қылмыстың құқықтық бағасын анықтайды.

Бүгін де көлік полициясында ер азаматтармен иық тірестіре құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде табандылықпен еңбек етіп жүрген әйел-полицейлерді жиі көреміз. Олар үй шаруасымен қатар, полиция қызметін де абыроймен атқарып келеді. Сондай полицей-әйелдердің бірі – Көліктегі ПД Алматы-I станциясындағы Желілік полиция басқармасы тергеу бөлімшесі тергеу тобының аға тергеушісі Айнұр Берікқызы.

Бойында табиғатынан нәзіктік пен сыпайылық, биязылықпен қатар әкесінен дарыған қайсарлығы, қыз болса да ер мінезділігі мен табандылығы басым Айнұр қызметтестері арасында кәсіби шеберлігімен құрметке ие.

ІІМ Алматы академиясын 2008 жылы қызыл дипломмен бітірген Айнұр ішкі істер органдарындағы қызмет жолын Алматы-I ст. ЖІБ тергеу бөлімшесі тергеуші-маман лауазымынан бастаған, бүгінгі күні аға тергеуші.

«Неліктен жауапкершілігі жоғары, ауыр мамандықты таңдадыңыз?» – деген сұрағымызға Айнұр Иманғали – «Иә, бұл жауапкершілігі жоғары, күрделі сала. Бірақ та өз ісінді сүйіп, өзіңе берген антына адал болсаң барлығын да еңсеруге болады. Тергеуші болу үшін мінезді де жігерлі, рухты болу шарт, сонымен қатар бойыңда әділдік пен адамгершілік қасиеттерді ұстанған абзал. Себебі, әр қылмыстық іс – ол бір адамның тағдыры, оның қылмысын дәлелдеп, айып тағумен ғана шектелмей, өмірден түніліп, сергелден жолға түсіп кетпеуіне де назар аудару керек» – деп жауап қатты.

Айнұрдың жолдасы Бекбергенов Нұржан да ішкі істер органдарында қызмет етеді. Қазіргі күнде Алматы қаласы Алмалы аудандық полиция басқармасының учаскелік инспекторы, полиция аға лейтенанты. Нұржан екеуінің – бір ұлы мен екі қызы бар.

Алматы-I ст. ЖІБ

СОТТАЛҒАНДАР МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА ҚОЛҒАБЫС ЕТТІ



тұрады. Жалпы, қайырымдылық іс-шарасы 2020–2025 жылдарға арналған қоғамдық құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспарының 12-тармағына сәйкес ұйымдастырылды. Аталған шараны өткізудегі мақсатымыз – пробация есебінде тұрған сотталғандарды еңбекке баули отырып, оларды айналасына мейіріммен қарауға үндеу, сонымен қатар, қылмыстың алдын алу және оны болдырмау болып табылады. Есепте тұрған сотталғандардың айналасындағыларға жәрдем беріп, өздерінің қоғамға қажет екендіктерін сезінуіне мүмкіндік туғызу міндет. Бұлардың қоғамға тез бейімделуіне ықпал етеді.

Жалпы көмекке мұқтаж азаматтарға қолұшын созу ізгі істің үлгісі деп білеміз, – дейді Сарыағаш аудандық пробация қызметі бөлімінің инспекторы, әділет капитаны Н.Аширов.

Үй шаруасына көмек көрсеткен пробация қызметінің қызметкерлері мен еріктілерге қарт ана өзінің алғысын білдіріп батасын берді.

– Мен біздің елімізде осындай мейірімді жастардың барына қуанамын. Пробация қызметінің қызметкерлері мен еріктілер үйге келіп, үй шаруасына көмектесіп, ауламды тазалап берді. Жастармен бірге шөй-тамақ ішіп, көңілім бір көтеріліп қалды. Осындай акциялар жиі ұйымдастырылып тұрса екен деймін. Біздің елімізде көмекке мұқтаж жандар бар. Жасымыз келгеннен кейін үй шаруасына жарамаймыз. Ал, үй-жайымызды тастап, көпқабатты үйге көше алмаймыз, – деді Сарыағаш қаласының тұрғыны Ғалия әжей.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жаннахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №53 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31